



**Басқарма Төрағасы — Ректордың
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КеАҚ-тың
2023–2024 оқу жылындағы
қызметі туралы**

ЕСЕБІ



**Басқарма Төрағасы — Ректордың
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КеАҚ-тың
2023–2024 оқу жылындағы қызметі туралы
ЕСЕБІ**

Қарағанды
2024

МАЗМҰНЫ

1	«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-тың 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ	4
2	БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ	9
2.1	Білім алушыларды қабылдау және олардың контингенті	9
2.2	Даярлық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламалары.....	15
2.3	ҚБТ қолдана отырып оқыту.....	17
2.4	Білім беру бағдарламаларын кадрлық қамтамасыз ету	18
2.5	Университет білім алушыларының Coursera платформасында әлемдік курстардан өтуі	19
2.6	Пәндік олимпиадаларға қатысу	20
2.7	Практика және жұмысқа орналасу.....	20
2.8	Қосымша білім беру факультеті.....	23
3	ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ	25
4	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	32
4.1	Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық	32
4.2	Академиялық ұтқырлық.....	34
4.3	Университет профессор-оқытушылар құрамының халықаралық жобаларға қатысуы.....	37
4.4	Қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру	38
4.5	Шетелдік мамандарды тарту	38
5	АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	39
6	КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫН ДАМУ. БАСПА ҚЫЗМЕТІ	41
6.1	Кітапхана ресурстарын дамыту	41
6.2	Баспа қызметі	45
7	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	50
7.1	Кәсіподақ комитеті	54
8	ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	55
9	ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	63
10	ӘСКЕРИ КАФЕДРАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ	76

1 «АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-тың 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 258 қаулысына сәйкес «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамына зерттеу университеті мәртебесі берілді. Аталған қаулымен университеттің 2024–2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасы бекітілді.

Университет рухани құндылықтарды сақтау, тарату және білім беру, үздік білім беру тәжірибелері мен зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар даярлау үшін инновациялық тәсілдерді енгізу тәрізді алға қойған миссиясын ұдайы ұстануды жалғастыруда.

Даму бағдарламасының пайымы:

Классикалық зерттеу университеті — жоғары технологиялық ғылыми зерттеулер мен академиялық артықшылық орталығы.

Даму бағдарламасының миссиясына сәйкес университет серпінді ғылыми зерттеулер мен білім беру инновациялары арқылы өңір мен елдің жоғары технологиялық дамуына ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаты: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамын зерттеу университетіне айналдыру.

Белгіленген мақсатқа жету үшін Бағдарламада университет қызметінің барлық бағыттарын қамтитын келесі міндеттер белгіленді:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми қызмет пен білім беру процесін интеграциялау.

2. Сапалы білім берудің теңдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, талантты жастарды тарту.

3. Еліміздің зияткерлік әлеуетін көтеруге, Қазақстанның ғылыми мектептерінің халықаралық беделін арттыруға мүмкіндік беретін іргелі және қолданбалы ғылым саласындағы жобаларды іске асыру.

4. Патенттерді, лицензияларды сату, стартап-жобаларды әзірлеу түріндегі Қарағанды университеті ғалымдарының қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін өңір экономикасына енгізу.

5. Қарағанды университетінің қоғам дамуына қосатын үлесін арттыру.

Қойылған міндеттерді орындау үшін іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын 21 мақсатты индикатор айқындалды. Жоспарда нысаналы индикаторларға қол жеткізу бойынша нақты шаралар және 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі орындаудың сандық көрсеткіштері тұжырымдалған.

Даму бағдарламасының орындалуына мониторинг жүргізу мақсатында университет бойынша бұйрық (04.05.2024 ж. № 568) шығарылды, соған сәйкес

жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары мақсатты индикаторларды іске асыру бойынша факультеттердің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады. Жылына екі рет 20 маусымға және 20 қарашаға дейінгі мерзімде бөлімшелердің басшылары Сапаны қамтамасыз ету басқармасына бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат береді. Декандардың міндеті — факультеттердің белгіленген іс-шараларды орындауы туралы мәліметтерді уақтылы, дұрыс және толық ұсынылуын қамтамасыз ету. Сапаны қамтамасыз ету басқармасы құрылымдық бөлімшелердің ақпаратын жинақтауды жүзеге асырады және Басқарма мүшесі, стратегиялық даму жөніндегі проректорға есепті ұсынады, ол өз кезегінде университеттің Ғылыми кеңесін, Директорлар кеңесін Даму бағдарламасының міндеттерінің орындалуы туралы хабардар етеді.

Бұйрыққа сәйкес алғашқы мониторинг 2024 жылдың маусымында жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша бағдарлама жұмыс істеген алты айдан бері 2024 жылға жоспарланған іс-шаралардың 65%-ы орындалғаны белгілі болды. Тиісті бөлімшелер мен факультеттердің ерекше назарын талап ететін іс-шаралар анықталды, атап айтқанда:

- QSWUR рейтингісінде университеттің позициясын арттыру;
- шетелдік студенттер контингентін ұлғайту;
- жұмыс берушілерді, бизнес-құрылымдардың өкілдерін оқу процесіне тарту;
- индекстелетін ғылыми журналдардағы мақалалардың артуын қамтамасыз ету;
- өңірдің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен бірлесіп инновациялық құрылымдарды ашу.


Бағдарламаның маңызды мақсатты индикаторларының бірі университетті **QS World Universities Ranking** әлемдік рейтингтерінде ілгерілету. Өкінішке орай, 2024 жылы 106 елден 1503 жоғары оқу орны қатысқан әлемдік рейтингте біздің университет бұрынғы 851+ позициясын жоғалтып, 893-ші орыннан 902-ші орынға (901+позиция) жайғасты. Стратегиялық даму жөніндегі проректор QSWUR рейтингісі бойынша мақсатты индикаторға қол жеткізбеу себептерінің жан-жақты талдамасын ұсынды, университеттің әлемдік рейтингтегі позицияларын күшейту бойынша жол картасы әзірленді.

Сонымен қатар, QSWUR рейтингісіндегі көрсеткіштердің бірнеше критерийлер бойынша жақсарғанын атап өткен жөн, олардың ішінде: оқытушылар құрамының студенттер санына арақатынасы — 8,9 балға артқан, жұмыс берушілер арасындағы бедел — 4,6 балға көтерілген, академиялық бедел — 1,9 балға, халықаралық ғылыми коллаборациялар индексі — өткен жылғы нәтижелермен салыстырғанда 6,5 балға ілгерілеген.

Алайда, позицияның жалпы төмендеуін ескере отырып, QS әлемдік рейтингісінде университетті ілгерілету бойынша маңызды міндет: шетелдік студенттер мен оқытушылардың үлесін ұлғайту, университет ғалымдарының ғылыми жарияланымдарының дәйексөзділік көрсеткіштерін арттыру болуы тиіс.

Есепті жылы **QS Asia** өңірлік рейтингісінің қорытындысы бойынша біздің университет 235-ші орыннан 206-орынға көтеріліп, өз позициясын жақсартты. Бұл рейтинг өткен жылдан бері Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея, Қытай және

т.б. Азия елдерінің 800-ден астам мықты университеттерін саралайды. Рейтингке қатысушылар қатарында барлығы 34 қазақстандық жоо болса, олардың ішінде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 8-ші орынды иеленді!



Ғылым және жоғары білім министрлігі республиканың жоғары оқу орындарының алдында **Times Higher Education** (THE) әлемдік рейтингісіне қатысу міндетін белгіледі. Бұл индикатор Даму бағдарламасына да енгізілген: 2027 жылға қарай осы рейтингке қатысу қорытындысы бойынша Қарағанды университетінің жоспарлы көрсеткіші — 1501+ позициясы. Естеріңізге сала кетейік, Times Higher Education рейтингі негізінен ғылымға және университет ғалымдарының ғылыми жетістіктерін коммерцияландыруға бағытталған. Осыған байланысты, алдағы жылдарға арналған негізгі міндеттердің бірі коммерцияланатын жобалардың үлесін арттыру, ҒҒТҚН-ы коммерцияландыру жобаларын және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жеке қоса қаржыландыруды тарту болуы тиіс. Сонымен қатар, THE-ге қатысудың негізгі шарттарының бірі 5 жылдық кезеңде Scopus деректер базасында жыл сайын 150-ден астам жарияланым болған кезде кемінде 1000 жарияланымның болуы.

Кестеде Times Higher Education рейтингіне қатысушылар қатарына қосу үшін біздің жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамының 5 жылдық кезеңдегі қажетті жарияланымдық белсенділігі көрсетілген:

Бөкетов Қарағанды университеті ғалымдарын Times Higher Education рейтингісіне қатысушылар қатарына қосу үшін қажетті жарияланымдар саны

Жарияланым түрі	2021	2022	2023	2024	2025
WUR үшін қарастырылған жарияланымдар	170	177	222	220	220

Яғни, 2024 және 2025 жылдары жыл сайын кемінде 220 жарияланым қамтамасыз етілген жағдайда ғана Бөкетов Қарағанды университеті 2026 жылдан бастап THE рейтингісіне қатысуға мүмкіндік алады.

Әрине, Даму бағдарламасының іс-шаралар жоспарын іске асыруда **есепті кезеңдегі университет қызметінің күшті жақтарын** атап өткен жөн, олардың ішінде:

- ғылыми және білім беру қызметіне тартылған жетекші шетелдік ғалымдар саны (жоспарланған 50 ғалымның орнына 113 ғалым);
- талантты жастарды іздеу Бағдарламасын іске асыру (жоспарланған 6 адамның орнына 17 адам);
- кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының қажеттіліктері негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту (жоспарланған 10 % орнына білім беру бағдарламаларының 28,9 %-ы);
- жас ғалымдардың ғылыми тағылымдамаларын, іссапарларын ұйымдастыру (Бағдарламада жоспарланған 5-тің орнына 29 тағылымдама).

Аккредиттеу агенттігі	Аккредиттеу мәртебесі	ББ саны
Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (БСҚТА) (IQAA)	халықаралық	25
Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі АРТА (IQAA)	халықаралық	12
Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығы (CAAAE)	халықаралық	7
Білім беру сапасын аккредиттеу және сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттік (ARQA)	ұлттық	11
2023-2024 оқу жылындағы жиыны		55 ББ

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ ұсынатын білім беру қызметтері сапасының ESG халықаралық стандарттарына сәйкестігін ресми растау аккредиттеу болып табылады. 2023-2024 оқу жылында университеттің 55 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестік рәсімінен сәтті өтіп, 5 жыл мерзімге сертификаттар алды.



Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығы (CAAAE) 6B01505 — «Информатика» білім беру бағдарламасына инженерлік білім берудің еуропалық сапа белгісінің (EUR-ACE) лейблін берді, осылайша біздің университеттің 4 бағдарламасы осындай лейблдің иегерлері болып табылады (өткен жылы оны 6B07107 — «Робототехника және мехатроника», 7M06101 — «Ақпараттық жүйелер мен технологиялар», 7M06102 — «IT Кәсіпкерлік және цифрлық экономика» тәрізді 3 ББ алған).

Бұл белгі білім беру бағдарламаларына инженерлік білім беруді аккредиттеудің Еуропалық желісінің рұқсатын алғаннан кейін ғана беріледі және түлектерге дипломды нострификаттаусыз еуропалық еңбек нарығында жұмыс істеуге құқық береді.

Бүгінгі таңда университеттің жалпы саны 143 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредиттеуге ие. Беделді аккредиттеу агенттіктерінің жоғары бағасы біздің университеттің Қазақстанның жетекші көпсалалы жоғары оқу орындарының бірі ретінде танылуын, оның халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етті. Мұны Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA) рейтингінің нәтижелері де растайды: 2024 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары арасында 3-орынды иеленді. Рейтинг әдіснамасы академиялық қызмет пен жұмысқа орналасу нәтижелері, сараптамалық бағалау, жұмыс берушілердің беделі, студенттерді бағалау және түлектерді бағалау сияқты көрсеткіштерді қамтиды. БСҚТА рейтингіне университеттің 115 білім беру бағдарламасы қатысып, оның ішінде 79 бағдарлама жүлделі орындарға ие болды.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырмасы бойынша университетте орнықты даму мақсаттарын басқару жүйесіне, даму стратегиясына және университет қызметінің негізгі процестеріне интеграциялау басталды. Университетте «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-ты орнықты дамыту саласында Саясат әзірленді.

Орнықты даму бойынша 2023-2024 оқу жылында университетте Қарағанды университеті құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу жалғастырылды; университеттің оқу, ғылыми, тәрбие, мәдени және басқа да қызмет салаларына байланысты тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жүргізілуде.

2 БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

Есепті кезеңде біздің университеттің білім беру қызметі оқу-әдістемелік базаны жетілдіруге бағытталды. Инновациялық қызмет басым бағытқа айналды. Осылайша, бірлескен, қос дипломды білім беру бағдарламалары құрастырылды, дуальды оқыту рәсімдері әзірленді, «Coursera» халықаралық платформасында мамандар мен білім алушыларды даярлау және қайта даярлау жүзеге асырылды.

Білім беру қызметін регламенттейтін негізгі құжат Академиялық саясат болып қала береді. Өткен оқу жылында Академиялық жұмыс департаменті мен Тіркеуші кеңсе қолданыстағы НҚА-дағы өзгерістерге байланысты оқу процесіне және білім алушыларды оқыту, ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару нәтижелерін бағалауға, қорытынды аттестаттауды өткізуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысты аталған құжаттың жекелеген Ережелері мен Регламенттерін жаңартты. Барлық ұсыныстар алқалық талқылау рәсімінен өтіп, Ғылыми кеңестің отырысында мақұлданды.

Жоғары стандарттарға сай болу мақсатында біздің жоғары оқу орны Академиялық адалдық лигасына кірді. 2024 жылдың 17–19 қаңтарында Лига талаптарына сәйкестігін анықтау үшін университет қызметіне мониторинг жүргізілді. Ал 2024 жылдың 19 сәуірінде жоғары оқу орындарының басшыларын — Лига мүшелерін марапаттау рәсімінде біздің университет академиялық адалдық құндылықтарымен бөлісетін жоғары білікті мамандар даярлау саласындағы бәсекеге қабілетті көшбасшылардың бірі ретінде атап өтілді.

2.1 Білім алушыларды қабылдау және олардың контингенті

Біздің университетте оқыту күндізгі нысанда, оның ішінде ҚБТ қолдана отырып та жүргізіледі. Ағымдағы жылы 4107 білім алушы қабылданды, оның ішінде: бакалавриат бағдарламалары бойынша — 3710 адам, магистратура бағдарламалары бойынша — 349 адам, докторантура бағдарламалары бойынша — 48 адам.

2023 жылы қабылданған студенттердің жалпы саны 2022 жылмен салыстырғанда 43 адамға азайды, бірақ мемлекеттік білім беру гранты иегерлерінің саны артып, 1913 адамды құрады (өткен жылы 1440). Магистратура мен докторантураға қабылдау ұлғайды: 349 магистрант (өткен жылы 312 адам) және 48 докторант (өткен жылы 46 адам). Студенттер арасынан грант иегерлерінің саны 473 адамға артты, магистранттар арасынан 37 адамға кемісе, докторанттар арасынан 2 адамға көбейді.

Магистратура ББ бойынша қабылдау өткен жылмен салыстырғанда 12 %-ға ұлғайғанына қарамастан, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша одан әрі оқу үшін бакалавриат түлектерін тарту жөніндегі жұмысты

жалғастыру қажет, әсіресе магистратура ББ тізбесі кең ауқымға ие және даярлаудың 24 бағытын қамтиды.

Талапкерлерді оқу деңгейлері, нысандары және шарттары бойынша қабылдау

	Жыл	
	2023–2024 оқу жылы	2022–2023 оқу жылы
Бакалавриат, оның ішінде жиыны:	3710	3753
Күндізгі	3124	2769
– ҒЖЖБМ гранты	1913	1440
– шарт	1211	1329
Күндізгі нысан (ҚБТ қолдана отырып)	586	984
– шарт	586	984
Магистратура, оның ішінде жиыны:	349	312
– мемл. тапсырыс	272	246
– шарт	77	66
Докторантура, оның ішінде жиыны:	48	46
– мемл. тапсырыс	47	46
– шарт	1	0
	4107	4111

Есепті жылы университет оқытушылары белсенді кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді, олар Қарағанды облысының қалаларында ғана емес, жалпы Қазақстан бойынша көшпелі PR және кәсіптік бағдар беру іс-шараларын ұйымдастырды.



2024 жылдың қаңтарында Қарағанды университеті жұмыс сапарымен келген Түркістан облысының «Жастар ресурстық орталығының» делегациясын қарсы алып, қонақтар «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша оқитын студенттермен кездесті.



«Серпін» бағдарламасы аясында PR-коммуникациялық және кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін университет өкілдері 5 бағыт бойынша Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында болды.





Халық тығыз қоныстанған батыс өңірлері мен жаңадан құрылған облыстардың жастарына арналған мақсатты білім беру гранттары бойынша ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін Қарағанды университеті өкілдері ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған Маңғыстау (Ақтау, Жаңаөзен), Атырау және Түркістан облыстарындағы жоғары білім беру көрмесіне қатысты. Түркістан өңірінің қалаларындағы көрмелер ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Р. Емельбаевтың қатысуымен өтіп, іс-шара барысында ол келесі оқу жылына бөлінетін гранттар туралы ақпаратпен бөлісті, сондай-ақ «Серпін» бағдарламасы аясында оқуға түсу жайында түсініктеме берді.





Бұл бастаманы қолдау үшін Басқарма Төрағасы — Ректор Н.О. Дулатбеков пен Басқарма мүшесі — стратегиялық даму жөніндегі проректор Е.Ж. Сармурзин оңтүстік өңірлерге барып, талапкерлер арасында «Серпін» бағдарламасы аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, Қарағанды университетінің жетістіктері туралы баяндап берді.



Білім алушылар контингенті

Есепті кезеңде білім алушылар контингенті 13 406 адамды құрады (01.10.2022 ж. — 13 593 адам). Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда білім алушылар контингентінің 187 адамға (1,3 %) азаюы байқалады.

Оқу деңгейі	2023-2024 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы		
	Барлығы	Грант	Ком.	Барлығы	Грант	Ком.
Студенттер	12582	6280	6302	12723	5737	6986
Магистранттар	673	541	132	687	526	161
Докторанттар	151	132	19	183	156	27

Студенттер контингентінде «Серпін-2050» бағдарламасы студенттерінің үлесі айтарлықтай. Осы бағдарлама аясында төрт курста 1978 адам оқыды (а.ж. 1689+ Серпін 2024 ж.). Өткен оқу жылында аталған бағдарлама бойынша 173 түлек оқуын аяқтады.

Университеттің Стратегиялық даму жоспарының негізгі көрсеткіштерінің бірі шетелдік білім алушылардың үлесін арттыру болып табылады, осы бағытта Маркетинг және рекрутинг басқармасы, факультеттер жүйелі және жоспарлы жұмыс жүргізуі қажет. Ол үшін барлық жағдайлар: ағылшын тілін меңгерген оқытушылардың жеткілікті саны, заманауи лингафондық кабинеттер, ағылшын тілінде оқыту бағдарламалары, көптілді топтар бар.

Университеттің ұйымдастырушылық құрылымына сәйкес қабылдау комиссиясы Басқарма Төрағасы — Ректорға тікелей бағынады. Қабылдау науқаны кезінде ректор талапкерлермен және олардың ата-аналарымен тұрақты түрде кездеседі.

Қабылдау комиссиясы бірнеше кезеңде жүзеге асырылады: шығармашылық және арнайы емтихандарды қабылдау және өткізу, грант конкурсына қатысу үшін өтініштер қабылдау, өтініштер қабылдау және докторантураға түсу емтихандарын өткізу, оқуға қабылдау.


Қабылдау комиссиясының жұмысындағы маңызды кезең мемлекеттік гранттар тағайындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініштер қабылдау кезеңі, бұл кезеңде квоталық гранттарды (педагогикалық квота, халық тығыз орналасқан және жаңадан құрылған өңірлер үшін квота, Республика Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары қатарындағы ҚР азаматтары үшін квоталар «Серпін» игеру бойынша маңызды міндет тұр. Даярлық кезеңінде квоталық орындарды игеру үшін университет қызметкерлері кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін өңірлерге шығады. Сондай-ақ, конкурсқа өтініштерді қабылдау кезеңінде Ректор бастаған университет қызметкерлері өңірлерге барып, сол жерде консультативтік жұмыстарды жүзеге асырады. Осындай жұмыстың нәтижесінде батыс және оңтүстік өңірлерден 1200-ден астам талапкер Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде грант иегерлері атанды.

Дегенмен де университет алдында қабылдау географиясын кеңейту бойынша үлкен міндеттер тұр, яғни ШҚО, СҚО, Орталық Қазақстанды қамту қажет. Бұл өңірлердегі жұмыс Батыс пен Оңтүстіктегідей бірдей деңгейде ұйымдастырылуы керек.

НҚА-дағы өзгерістер (педагогикалық бағыт үшін қашықтықтан оқытуға тыйым салу), сондай-ақ басқа да сын-қатерлер қашықтықтан оқыту технологияларын қолданатын білім алушылар контингентіне айтарлықтай әсер етеді. Мәселен, ағымдағы жылы қашықтықтан оқыту технологияларын қолданатын білім алушылар контингенті 42%-ға төмендеді. Осыған байланысты біздің алдымызда педагогикалық бағыт үшін дуальды оқытуды, сондай-ақ даярлықтың кейбір басқа бағыттары үшін онлайн оқытуды енгізу бойынша міндеттер тұр. Дуальды оқыту колледждермен жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

3 жылдан астам уақыт бойы магистратураға түсушілер контингентінің төмендеу үрдісі сақталып келеді. Осыған байланысты бакалавриаттың талантты студенттері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ студенттерді магистратураға түсуге дайындау бойынша іс-шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыру маңызды. Мұндай жұмысты кафедра, факультет және жалпы университет деңгейінде тұрақты негізде жүргізу қажет. Үздіксіз білім берудің мәні де осы болмақ.

Қабылдау географиясы



2.2 Даярлық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламалары

Даярлық деңгейі	2023-2024 оқу жылы	Даярлық бағыты
Бакалавриат	99	28
Магистратура	66	24
Докторантура	18	10

Жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын жобалау мен сараптауға ерекше назар аударылды. Ағымдағы жылы Академиялық кеңес отырыс-

тарында 4 ББ іріктелді. Мамыр-маусым айларында олар республикалық сараптамаға жіберіліп, нәтижесінде барлық 4 бағдарлама Тізілімге енгізілді (бакалавриат: 6B01802 — «Әлеуметтік педагогика» (жаңа); магистратура: 7M0803 — «Әлеуметтік педагогика» (жаңа), 7M02303 — «Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар» (инновациялық); докторантура: 8D04103 — «Тұрақты қаржы» (инновациялық)).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясының хаттамалық шешіміне сәйкес ҚР Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің бірлескен алқасының 2024 жылғы 14 ақпандағы «Сапалы білім беруден сапалы адами капиталға» атты кеңейтілген отырысы шеңберінде 2024-2025 жылғы қабылдау бакалавриатының барлық білім беру бағдарламаларына «Қолданбалы бизнес және қаржылық сауаттылық негіздері» пәні енгізілді.

«Атамекен» ҰКП ұсынымдарын, еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, сондай-ақ жасанды интеллектіні қолдану бойынша пәндер енгізу туралы РОӘК шешіміне сәйкес кәсіби стандарттар негізінде бакалавриаттың 42 ББ, магистратураның 10 ББ өзектендіріліп, жаңартылды. 6B07107 — «Робототехника және мехатроника», 6B01505 — «Информатика», 6B06201 — «Радиоэлектроника және телекоммуникация» білім беру бағдарламаларында «Жасанды интеллект негіздері», «Жасанды интеллект және нейрондық желілер» пәндері қарастырылды.

Ерекше білім беруді қажетсінетін білім алушылар үшін жағдай жасауға әдеттегідей көп көңіл бөлінеді. Мәселен, педагогика факультетінде Инклюзивті білім беру кабинеті (құны 40 млн. теңге), химия, физика, математика, биология кабинеттері ашылды.

Бакалавриатта дуальды оқыту іске асырыла бастады. Бүгінде ол «Жылу энергетикасы», «Аударма ісі» білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылып, оқу материалының 30%-ы өндірісте («Энергоцентр» ЖШС, «ТеплоТранзит» ЖШС), «Umlaut» аударма бюросында игеріледі. Бұл бағыттағы жұмысты, әсіресе педагогикалық мамандықтар бойынша жалғастыру қажет, өйткені «Педагогикалық ғылымдар» саласының кадрларын даярлау бағыттары үшін мұндай шарттардың болуы Біліктілік талаптарының міндетті шарты болып табылады.

Университетте бірлескен және қос диплом бағдарламалары жүзеге асырылады. 2023–2024 оқу жылында Томск мемлекеттік басқару жүйелері және радиоэлектроника университетімен (ТБЖРУ) 6B06201 — «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» ББ бойынша, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен 6B01705 — «Шет тілі: екі шет тілі» ББ бойынша, Кастамону университетімен 7M11101 — «Туризм» ББ және 7M01701 — «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша, Қ. Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетімен 7M01301 — «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ бойынша осындай шарттар жасалды.

М.В. Ломоносов атындағы ММУ мен біздің университет арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум аясында ағымдағы жылы 7M04112 — «Басқарушылық және қаржылық аналитика» (ЕМВА) білім беру бағдарламасының 5 магистранты оқуын аяқтады.

2024–2025 жылдары Томск политехникалық университетімен бірлесіп магистратураның 7M07108 — «Наноматериалдар мен нанотехнологиялар» білім беру

бағдарламасы бойынша магистранттар оқытып шығару жоспарлануда. Оқу аяқталғаннан кейін түлектер Қазақстан мен Ресейдің екі дипломын алады.

Бұл жұмысты жалғастыру қажет, өйткені университет халықаралық ынтымақтастық туралы 150-ден астам шарт жасасты, сол себепті оны өзектендірген дұрыс.

2023-2024 оқу жылында 6.0 нұсқасындағы «Platonus» АЖ-да жұмыс табысты жалғасуда: оқу-білім беру процесін ұйымдастыру мен жүргізуді автоматтандыру, цифрлық ізді қадағалау, академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, білім алушылардың білімін бақылаудың барлық түрлерін жүргізуді мониторингілеу, білім алушыларға оқыту орталығы арқылы қызметтер көрсету, ҚР ҒЖЖБМ цифрлық платформаларымен (ҰБДБ, білім беру бағдарламаларының тізілімі, ЕЖБК, «Қаржы орталығы») ықпалдасу қамтамасыз етілуде.

Бұдан бөлек, ақылы негізде білім алушылардың төлемдері мен берешектерін мониторингілеу үшін «Platonus» ААЖ интеграциясымен “Онлайн-прокторинг AeroExam” және «Platonus 6.0» ААЖ-нің “1С: Бухгалтерия” АЖ-мен интеграциясы» қосымша модульдері қосылды.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің критерийлерін және Академиялық адалдық лигасының принциптерін сақтау үшін BellCurve бойынша бағалауларды бөлуді талдау енгізілді.

2.3 ҚБТ қолдана отырып оқыту

Есепті жылы ҚБТ қолдана отырып оқытылатын күндізгі оқу нысанындағы студенттер контингенті 42 білім беру бағдарламасы бойынша 1887 адамды құрады.

Бакалавриат	2023-2024 оқу жылы
1-курс	586
2-курс	809
3-курс	492
Жиыны	1887

Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес университет цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Мәселен, ҚБТ қолдана отырып, білім беру бағдарламаларының оқу бейне-контентін дайындау жоспарын іске асыру аясында 563 жаңа электрондық презентация, 315 электрондық дәріс, 96 бейнедәріс дайындалды. Барлық цифрлық контент <https://idl.buketov.edu.kz/> қашықтықтан білім беру платформасында орналастырылған.

Электрондық материалдар	Электрондық дәрістер	Электрондық презентациялар	Бейнедәрістер
Мемлекеттік тілде	179	118	18
Орыс тілінде	281	224	58
Шет тілінде	42	51	3
	502	393	79

2.4 Білім беру бағдарламаларын кадрлық қамтамасыз ету

2023 жылы профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны 1138 адамды құрады, оның ішінде штаттық оқытушылар саны — 921. Бұл көрсеткіш университеттің қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.

2023 жылы штаттық ПОҚ үлесі жалпы санынан 81%-ды құрады. Есепті кезеңде кадрлар даярлауда тәжірибеге бағдарланған құрамдас бөлікті кеңейту мақсатында қоса атқарушы ретінде тәжірибелік жұмыс өтілі бар жетекші ғалымдар мен өндіріс мамандары тартылды (Қарағанды облысының ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі мемлекеттік мұрағаты, «ҚР ТЖМ Қарағанды облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ, «Қарағанда Энергоцентр» 1-ЖЭО ЖШС, «Энергосервис-ЛТД» ЖШС, «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» ЖШС, «“Қазақмыс” корпорациясы» ЖШС, «Қазтелерадио» АҚ филиалы, «КазТехАвтоматика» ЖШС, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Қарағанды магистралдық желі бөлімшесі» филиалы, «№ 2 Қарағанды автобус паркі» ЖШС, «“Қарқаралы” аудандық газетінің редакциясы» ЖШС, «“Қарағанды” телерадиокомпаниясы» ЖШС, «Оқушылар сарайы» КМҚК, «WTO» АЖО» ЖШС, «ТабысАудитКонсалтинг» ЖШС, «KarLes» ЖШС, «NazTour KZ» ЖШС, «ТегизЖол» ЖШС, «NBK-A» ЖШС, Қарағанды облыстық соты, Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты, «Атамекен» Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы, ҚР ІІМ Қарағанды облысының полиция департаменті, Қарағанды облысының прокуратурасы, ҚР Органикалық синтез және көмір химиясы институты, «“Фитохимия” халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ және т.б.).

2023–2024 оқу жылында педагогикалық жүктемені 62 ғылым докторы, 277 ғылым кандидаты, 118 PhD философия докторы жүзеге асырды, ғылыми дәрежелері бар ПОҚ үлесі 50 %-ды құрады. Есепті кезеңде ғылым магистрі академиялық дәрежесімен 447 оқытушы немесе университеттің барлық профессор-оқытушылар құрамының 49 %-ы жұмыс атқарды.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда PhD философия докторларының саны 20 адамға артты.

Есепті кезеңде профессор-оқытушылар құрамының орташа жасы 45 жасты, ғылыми дәрежелері мен атақтары барлары 53 жасты құрады.

Көрсеткіштер	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
ПОҚ саны	1124	1138
Олардың ішінде штаттық	917 (81,6 %)	921 (81 %)
Ғылыми дәрежелерімен	461 (50,3 %)	457 (50 %)
PhD дәрежесімен	108	118
Магистр дәрежесімен	437	447
ПОҚ / ғылыми дәрежелерімен орташа жасы	45/54	45/53

2.5 Университет білім алушыларының Coursera платформасында әлемдік курстардан өтуі

2023–2024 оқу жылында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен Coursera компаниясымен Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында білім алушылар үшін әлемдік курстарды оқшаулау туралы меморандумға қол қойылды. Біздің университет 25 өңірлік және ұлттық жоғары оқу орындарының арасында көшбасшы 3-ші орынға ие болды: бізге 1500 лицензия берілді. Білім алушылар University California, Peking University, University Michigan, University Copenhagen және т.б. шетелдік жоғары оқу орындарының сертификаттарына ие болды.

Бүгінгі таңда қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі 100 басым курс қол жетімді болып отыр.

Лек	Өту кезеңдері	Білім алушылар саны	Білім алушылардың жазылған курстарының саны	Білім алушылардың меңгерген курстарының саны
1	21.02.2023 ж. бастап 21.05.2023 ж. дейін	1500	501 (80-і қазақ және орыс тілдерінде, 421-і ағылшын тілінде)	2162
2	01.06.2023 ж. бастап 31.08.2023 ж. дейін	1500	432 (62-сі қазақ және орыс тілдерінде, 370-і ағылшын тілінде)	1987
3	20.09.2023 ж. бастап 15.12.2023 ж. дейін	1500	617 (79-ы қазақ және орыс тілдерінде, 243-і ағылшын тілінде)	1823
4	04.07.2024 ж. бастап 29.08.2024 ж. дейін	600	342 (81-і қазақ және орыс тілдерінде, 65-і ағылшын тілінде)	711

Лицензияларды пайдалану факультеттер арасында келесідей бөлінді:

Факультеттер бойынша лицензиялар саны

№	Факультеттер	1-ші лектің білім алушылар саны (21.02.2023 ж. – 21.05.2023 ж.)	2-ші лектің білім алушылар саны (01.06.2023 ж. – 31.08.2023 ж.)	3-ші лектің білім алушылар саны (20.09.2023 ж. – 15.12.2023 ж.)	4-ші лектің білім алушылар саны (04.07.2024 ж. – 29.08.2024 ж.)
1	Биология-география	188	151	101	55
2	Шет тілдер	72	250	290	62
3	Тарих	58	87	99	28
4	Математика және АТ	288	144	153	57
5	Педагогика	92	171	154	57
6	Физика-техникалық	114	141	82	55
7	Филология	59	102	128	47
8	Философия және психология	30	100	101	57
9	Химия	207	77	92	54
10	Экономика	355	15	43	52
11	Заң	37	98	103	50
12	Дене шынықтыру және спорт	0	164	154	26
Барлығы		1500	1500	1500	600

Білім алушылар игерілген құзыреттерді өздерінің әрі қарайғы кәсіби қызметінде пайдалана алады.

2.6 Пәндік олимпиадаларға қатысу

Университетте білім алушылардың пәндік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуына ерекше назар аударылады, онда біздің университеттің студенттік командалары жүлделі орындарға ие болады. Мәселен, 6B11103 — «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі», 6B04104 — «Әлемдік экономика», 6B01601 — «Тарих», 6B01509 — «Биология», 6B01402 — «Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы», 6B04104 — «Әлемдік экономика», 6B03101 — «Әлеуметтану», 6B03103 — «Саясаттану» білім беру бағдарламаларының студенттері жеке және командалық жарыстарда үлкен нәтижелерге қол жеткізді.

Республикалық пәндік олимпиадалардағы жүлделі орындардың саны бойынша шет тілдер, философия және психология, тарих, экономика, биология-география, химия факультеттерінің студенттері көшбасшылар қатарынан көрініп отыр.

Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижелері

Иеленген орын	2023–2024 оқу жылындағы жеке / командалық иеленген орындар саны
1	3/6
2	6/7
3	10/–

2.7 Практика және жұмысқа орналасу

Практикалық жұмыс тәжірибесіне тек практикалық еңбектің арқасында ғана қол жеткізуге болады, осы бағытта әрбір түлектің кәсіби дайындығы үшін кәсіби практика ұйымдастырылады. Мәселен, 2023–2024 есепті оқу жылында практика базаларымен 85 шарт жаңартылып, жасалды (Анықтама үшін: Қарағанды облысы полиция департаменті жанындағы «Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы» ММ, Қарағанды қ., «Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, Қарағанды қ., «ҚР Ұлттық ұланының “Орталық” өңірлік қолбасшылығы» РММ, Қарағанды қ., «PetroRetail» ЖШС, Астана қ. (Қарағанды қ. филиалы), «Шымкент химия компаниясы» ЖШС, Шымкент қ., «220 VOLT» ЖШС, Қарағанды қ., «AsiaFerroAlloys» ЖШС, Қарағанды қ., «Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» РММ, Қарағанды қ., «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ филиалы, Қарағанды қ., «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысындағы өкілдігі, Қарағанды қ., «адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық Халықаралық Бюро» ҚБ филиалы (республикалық мәртебе), Қарағанды қ. және т.б.).

Біздің студенттердің «ҚарМет» АҚ ірі базасында өндірістік практикадан өтуі дәстүрге айналды.



Биология-география, тарих, экономика факультеттері білім алушыларының далалық практикалары, филология факультеті студенттерінің фольклорлық көшпелі практикасы жоғары деңгейде өтті.

Тарих факультетінің 100-ден астам бірінші курс студенттері археологиялық практика шеңберінде Сарыарқа археологиялық институтымен бірлесіп Талдықорған археологиялық паркінің далалық лагері базасында кейінгі қола дәуіріндегі (б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысы) Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштерін қазу жұмыстарына қатысты.



«Экология» ББ білім алушыларының далалық практикадан өтуі үшін университеттің Топар кентіндегі жаңадан жөнделген демалыс аймағы пайдаланылды.





Қазақстанның көрікті аймағының бірі — Бурабайда өткен 6B05203 — «География» білім беру бағдарламасының 2-курс білім алушыларының оқу аймақтық практикасы қайта жанданды. Студенттер аймақтың геоморфологиялық және климаттық ерекшеліктерін зерделеп, су ресурстары мен өсімдіктерге зерттеулер жүргізді, аймақтың негізгі географиялық ерекшеліктерін зерттеді, аймақтың экожүйесін және оның адамдарға берер әсерін талдады.



Білім алушылардың мансаптық құзыреттілігін қалыптастыру үшін есепті жылы түрлі форматтағы 30-дан астам іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда Мансап күндері, апталық қарқындылықтар, Бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, экскурсиялар, тренингтер, ірі кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің және аумақтық органдардың (Қарағанды облысының полиция департаменті, «Әйр Астана» АҚ, «Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» РММ, «Амирсана» ЖШС және т.б.) басшылығымен және өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды.

2023 жылдың 20 қарашасында өткен бір ғана Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне 50 жұмыс беруші ұйым, 12 факультеттің 1400-ден астам студенті қатысты.

03–14 маусым аралығында мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған университет түлектерін дербес бөлу жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Жұмыспен қамту көрсеткіші 84,8 %-ды құрады.

2.8 Қосымша білім беру факультеті

Fondation бағдарламасы (дайындық бөлімі)

2024 жылы дайындық бөлімінде 2023–2024 оқу жылында қабылданған 96 тыңдаушы оқуды аяқтады, оның ішінде 90-ы шетел азаматтары (Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Ауғанстан), 6 адам — Қазақстан Республикасының азаматтары. 66 адам (73 %) білім беру грантының иегері атанды.

Қарағанды университетінің факультеттеріне 50 адам (76 %) түсті, оның ішінде:

№	Факультет атауы	Оқуға түскендер саны
1	Биология-география	6
2	Шет тілдер	4
3	Тарих	1
4	Математика және ақпараттық технологиялар	4
5	Педагогика	3
6	Физика-техникалық	5
7	Дене шынықтыру және спорт	10
8	Филология	8
9	Философия және психология	2
10	Химия	7

2024–2025 оқу жылында дайындық бөліміне оқуға 65 мемлекеттік грант бөлінді. Грант бойынша 65 адам оқиды, оның ішінде 50-і шетел азаматтары (Моңғолия, Қытай) және 15-і Қазақстан Республикасының азаматтары. 7 шетел азаматы ақылы негізде білім алуда.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «**Педагогикалық қайта даярлау**» бағдарламасы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің тізіліміне енгізілген және 14 мамандық бойынша педагогикалық қайта даярлауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл бағдарлама мамандыққа жанама кіру стратегиясын жүзеге асырады. Жалпы білім беру ұйымдарында (мектептерде және ТЖКБ) мұғалім болып жұмыс істеу үшін педагогикалық емес мамандықтардың мамандарын оқытады.

2024 жылы 10 тыңдаушы сертификат алды, оның ішінде: 4-уі информатика мұғалімі, 2-уі шет тілі мұғалімі, 1-уі 6B01405 — «Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау» мамандығы бойынша оқытушы, 2-уі химия пәнінің мұғалімі, 1-уі биология пәнінің мұғалімі.

«**Күміс университет**» бағдарламасы 50+ жастан асқан тыңдаушыларды оқытуға арналған. Университет осы бағдарлама арқылы әлеуметтік әріптестік орнату және қоғамды дамыту, университеттің ересектерге қосымша оқу-ағарту және білім беру қызметтерін ұсыну жөніндегі үшінші миссиясын жүзеге асырады.

2024 жылы әр факультеттің оқытушыларынан 90 адам оқиды. Ересектерге арналған бағдарламалар әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды, компьютермен жұмыс істей білуді, сонымен қатар қазақ және ағылшын тілдерін

меңгеру, дене белсенділігін дамытуға бағытталған. Мұның бәрі халықтың физикалық және рухани денсаулығын нығайтуға ықпал етеді.

Күміс университет шеңберінде «Өмір бойы оқу» тұжырымдамасының екінші бағытын іске асыра отырып, болашақта ересектердің кәсіби дамуына бағытталған бағдарламаларды әзірлеу қажет, бұл ересектерге еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуге және сұранысқа ие мамандар болып қалуға мүмкіндік береді.

«Күміс университет» бағдарламасының жетекшісі — филология ғылымдарының докторы, профессор Нурсулу Ибраевна Букетова. «Күміс университеттің» жергілікті атқарушы ұйымдармен, әлеуетті серіктес-мекемелермен өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету мақсатында «Күміс университет» бағдарламасының негізінде арнайы Кеңес құрылды. Кеңестің жұмысы:

- «Күміс университет» бағдарламасы туралы халықты ақпараттандыру;
- ересектерге арналған бейресми білім беру курстарының/семинарларының өзекті бағдарламаларын әртараптандыру;
- мемлекеттік бюджеттен және өзге де көздерден ересектерге бейресми білім беруді қаржыландыруды іздеуге жәрдемдеседі.

3 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Университеттің өзекті міндеттерінің бірі — ғалымдар жүргізіп жатқан ғылыми зерттеулерді дамыту және жан-жақты қолдау.

Университетте ғылыми зерттеулерге арналған университет ішілік гранттарды іске асырудың оң тәжірибесі қалыптасты, университет қаражатын бөлудің мақсаты университет ғалымдарының халықаралық жарияланым әлеуеті айқын көрінген, инновациялық дәрежесі жоғары, жаңашылдыққа және өзектілікке ие перспективалық ғылыми зерттеулерін қолдауға деген ұмтылыс.

2023 жылы университет ғалымдары конкурстық негізде жоғары оқу орны ішілік 17 жобаны іске асырды. Байқаудың басты критерийі жобалық жұмыстардың өзектілігі және олардың жоғары оқу орны үшін де, өңір үшін де практикалық құндылығы болды. Мен мұны үлкен жетістік деп санаймын.

Жобалардың тақырыбы әлеуметтік, мәдени, тарихи, шығармашылық, инженерлік және технологиялық сипаттағы кең ауқымды мәселелерді қамтыды. Айта кету керек, зерттеу топтарын ұйымдастырған кезде бір факультеттің әр түрлі кафедраларының қызметкерлерін шақыру, сондай-ақ басқа да факультеттердің мамандарын тарту тәжірибесі қолданылды. Барлық жобаларды орындауға докторанттар, магистранттар және факультет студенттері тартылды.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жоғары оқу орны ішілік грантының нәтижесі



2025 жылы Қарағанды университетінің тұңғыш ректоры, академик Е.А. Бөкетовтің 100 жылдық мерейтойын мерекелеуге дайындық аясында деректі фильм түсірілгенін ерекше атап өткен жөн, оның тұсаукесері 2023 жылдың қарашасында өтті.



ХІІІ-ғасырдың екінші жартысына жататын Жошы ұлысының жауынгерлері мен әйелдер жерленген төрт қорымға жүргізілген археологиялық қазбалардың нәтижелері үлкен қызығушылық тудырды. Жобаны іске асыру нәтижесінде ұлттық мәдени мұра объектісінің жаңа түрі: әскери жерлеу кешені мен Алтын Орда дәуірінің рәсімдері бар тарихи-әскери ландшафт анықталды. Кешен Ұлытаудағы Алтын Орда әскери жерлеу орындарының алғашқы белгілі жерлеу нысандарының бірі болып табылады.



Жобаларды орындау нәтижесі ретінде мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасы жанынан Ерте даму зертханасы ашылды.

Музыкалық әуенді ойнату құрылғылары, тік және көлденең типтегі гидропонды қондырғылар жасалды. Спектроскопия әдісімен өсімдік шикізатын талдаудың жаңа тәсілдері әзірленді.



– қысқы кезеңде жылыту шығындарын үнемдеу: 2023–2024 жылғы қыс тәжірибесі жылыжайды жылыту шығындары дәстүрлі жерүсті жылыжайлармен салыстырғанда 40–50 %-ға төмен екенін көрсетті.

– жоғары өнімділік: өсімдіктердің өсуі үшін оңтайлы болып саналатын қалыпты температураның (23–35 °C) және ылғалдылықтың (80–90 %) арқасында өнімділік қарапайым жылыжайларға қарағанда 2–3 есе жоғары.



Термос-жылыжай базасында «Инновациялық агротехнологиялар орталығын» ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде, ол өз кезегінде озыңқы ғылыми-технологиялық дайындаманы қалыптастыру, агроөндірісті орнықты дамыту және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау үшін база болмақ.



Қазіргі уақытта термос-жылыжай қаржыландырылатын жобаларды жүзеге асыру үшін ғылыми-зерттеу базасы болып табылады.



Жеке қаражат есебінен ауданы 2000 м² **Akylbayev Research Center ғылыми технопаркі** ғимаратының құрылысы аяқталды. Жалпы сметалық құны 509,463 млн теңге.



Технопарктегі қызмет бағыттары:


- энергетика және энергия тиімділігі;
- мехатроника және робототехника;
- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар;
- электроника және аспап жасау;
- цифрландыру;
- химиялық инжиниринг;
- биотехнология.

Келесі салалардың технологиялық дамуы:

- ақпараттық технологиялар;
- сутегі энергетикасындағы технологиялар;
- аддитивті технологиялар және ақылды электрондық құрылғылар;
- ресурстарды үнемдеу және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану технологиялары;
- әртүрлі мақсаттағы материалдарды жасау және қолдану саласындағы технологиялар;
- жергілікті дәрілік өсімдік шикізаты негізінде парафармацевтикалық препараттар өндіру.

2024 жылы университет ғалымдары 110 жобаны іске асыруды, олардың қаржыландыру көлемі 2,6 млрд теңгені құрады (оның ішінде 87 гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жоба, 8 жоғары оқу орны ішілік жоба).

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті өңірлік жоғары оқу орындары арасында жарияланым белсенділігі бойынша көшбасшы болып

табылады. Университет ғалымдары жарияланымдарының жартысы бірінші-үшінші квартиль журналдарындағы жарияланымдарға тиесілі.

Зерттеу нәтижелері шетелдік ғалымдар сілтеме жасайтын жоғары рейтингтік басылымдарда жарияланады. 2024 жылдың 1-ші жартыжылдығында халықаралық базалардағы ғылыми жарияланымдарға дәйексөз келтірудің орташа саны 4,7-ні құрады.

Отандық ғылымды тиімді дамытудың қажетті шарты қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін танымал ету және оларды әлемдік ғылыми қоғамдастыққа ықпалдастыру. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғылыми басылымдарына 10 ғылыми журнал кіреді: «Қарағанды университетінің Хабаршысы» журналының 9 сериясы және «Eurasian Physical Technical Journal».

	WEB OF SCIENCE	EURASIAN JOURNAL OF CHEMISTRY; BULLETIN OF THE UNIVERSITY OF KARAGANDA – PHYSICS; BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY – MATHEMATICS	
	SCOPUS	EURASIAN PHYSICAL TECHNICAL JOURNAL EURASIAN JOURNAL OF CHEMISTRY; BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY – MATHEMATICS	
	ИНДЕКСАЦИЯ	3 WEB OF SCIENCE	3 SCOPUS
		8 ELIBRARY.RU	10 GOOGLE SCHOLAR, KOKCHBO
			
			
	РАСПРОСТРАНЕННОСТЬ		
			
			

Университеттің барлық журналдары ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын Басылымдар тізбесіне кіреді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Қарағанды университетінің хабаршысы. “Математика” сериясы» Scopus базасы бойынша 46 процентильге ие болды, бұл аталған журналда жарияланған мақалалардың жоғары рейтингісін көрсетеді.

Осылайша, Scopus және Web of Science базаларында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 6 журналы индекстеледі.

Негізгі міндеттердің бірі ғылыми кадрлар даярлау. 2023 оқу жылында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында қорғаған PhD докторларына өзіндік үлгідегі 25 диплом және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 10 диплом табыс етілді. Олар академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторантурасында оқыған 28 әріптес, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған 6 адам және М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінен 1 адам.

4 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

4.1 Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық

Университет қызметінің маңызды бағыттарының бірі келесі іс-шараларды іске асыру арқылы университетті интернационалдандыру және сыртқы білім беру нарығына интеграциялау болып табылады:

Білім мен тәжірибе алмасу үшін басқа елдердің жетекші университеттерімен және ғылыми ұйымдарымен серіктестік және ынтымақтастық орнату

Шетелдік оқытушылар мен зерттеушілерді тарту (сабақ беру және бірлескен зерттеулер жүргізу үшін шетелдік сарапшыларды шақыру)

Халықаралық жобалар мен зерттеулерге қатысу

Студенттер мен оқытушыларды халықаралық ғылыми жобалар мен алмасу бағдарламаларына тарту

Оқуға шетелдік студенттерді тарту

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 160 шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік қарым-қатынаста және Италия, Үндістан, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Венгрия, Қытай, Болгария және т.б. елдердің жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 29 жаңа шарт жасасқан. Университет Еуропа, Солтүстік Америка және ТМД елдерінің жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтастық жасап келеді. Есепті жылы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті QSWUR рейтингісінің ТОП-500-дігіне кіретін 4 шетелдік университетпен келісім жасасты.

№	Жоғары оқу орнының атауы	Ел, қала	QS рейтингі
1	Санкт-петербург мемлекеттік университеті	Санкт-Петербург, Ресей	315
2	Неапольдегі II Федерико университеті	Неаполь, Италия	347
3	Оңтүстік Қытай технологиялық университеті	Гуанчжоу, Қытай	392
4	Жоғары экономика мектебі	Мәскеу, Ресей	399

Сонымен қатар, келесі университеттермен Erasmus+ академиялық алмасу бағдарламасын жүзеге асыру туралы екіжақты келісімдерге қол қойылды:

1	Адам Мицкевич университеті	Польша
2	Гази университеті	Түркия

Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына қос диплом бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, ПОҚ біліктілігін арттыру, ғылыми тағылымдамалар, докторантура білім алушыларының ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасау, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, жарияланымдар, бірлескен іс-шаралар өткізу және т.б. кіреді.

2024 жылы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 15 жас ғалымы «Бір-біріне қарай бес қадам» ғылыми зерттеулер мен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы жасалған Келісім шеңберінде Шеньян педагогикалық университетінде тағылымдамадан өтуге жіберілді. Тағылымдама кезеңінде тәжірибе алмасу, зерттеу жұмыстары басталды, сондай-ақ бірлескен жаңалықтар жасалды. Тағылымдама соңында Шэньян педагогикалық университетінің басшылығы салтанатты түрде сертификаттар табыс етті.



2024 жылы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Түркияның жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасты айтарлықтай нығайтты:

2024 жылғы 13–17 мамыр аралығында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының аға оқытушысы Уалиева Гульмира Куанышевна Erasmus+ бағдарламасы аясында Кастамону университетінде (Түркия) оқытушылар үшін дәріс сабақтарын өткізді. Оқытушы түрік университетінің студенттеріне дәріс өткізіп, оларды Қазақстан тарихымен, білім беру жүйесімен таныстырды, сондай-ақ Кастамону университетінің басшылығымен кездесті. Бұған дейін университет Кастамону университетінің ректорынан, халықаралық бөлімнің басшысынан және шет тілдер факультетінің профессорынан тұратын делегацияны қабылдаған болатын.

Сонымен қатар, 2024 жылдың маусым айында профессор, ғылым докторы, филолог ғалым, қазіргі түркі диалектілері мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Орхан Сулемездің жетекшілігімен Түркия Республикасы Кастамону университетінің магистранттарынан, PhD докторанттары мен бакалавриат студенттерінен құралған топ қазақ тілін үйрену үшін Қарағандыға келді. «Ұлағат» оқыту бағдарламасы жалпы білім беру бағдарламасын іске асыру арқылы оқитын шетелдіктер арасында қазақ тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрін дәріптеу үшін екі бауырлас ел мен екі өңірлік жоғары оқу орындары арасындағы байланысты нығайту мақсатында ұйымдастырылған.

Университеттің Еуропалық одақ елдері мен АҚШ елшіліктерімен ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. Елшіліктердің бастамасымен және қолдауымен 2023–2024 оқу жылында 5 шетелдік оқытушы университетте педагогикалық қызметті жүзеге асырды:

Асуман Ергюн	Түрік тілінің оқытушысы
Чидем Курт	Түрік тілінің оқытушысы
Ивона Точек	Поляк тілінің оқытушысы
Спенсер Харрисон	Ағылшын тілінің оқытушысы
Жихат Коркмаз	Түрік тілінің оқытушысы

4.2 Академиялық ұтқырлық

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы келесілердің есебінен іске асырылады:

- Республикалық бюджет;
- Университеттің қаржыландыруы;
- Студенттердің жеке қаражаты;

2023–2024 оқу жылында 11 студент республикалық бюджет қаражаты есебінен Еуропаның жоғары оқу орындарында оқыды.

Жалпы, сыртқы шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2023–2024 оқу жылында университеттің 241 студенті келесі жоғары оқу орындарында оқыды:

- Неаполь Л'Ориентале университеті, Италия;
- Витаутас Магнус университеті, Литва;
- Познаньдағы Адам Мицкевич университеті, Польша Республикасы;
- Гданьск университеті, Польша Республикасы;
- Катовицедегі Экономикалық университет, Польша Республикасы;
- Бабеш-Боляй университеті, Румыния;
- Беларусь мемлекеттік университеті, Беларусь Республикасы;
- М. Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті, Беларусь Республикасы;

-
- Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей Федерациясы;
 - И. Кант атындағы Балтық федералдық университеті, Ресей Федерациясы;
 - Томск мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей Федерациясы;
 - Томск мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы;
 - Уральск мемлекеттік экономикалық университеті, Ресей Федерациясы;
 - Уфа ғылым және технологиялар университеті, Ресей Федерациясы;
 - Аньшань педагогикалық университеті, Қытай;
 - Ататүрік университеті, Түркия;
 - Кастамону университеті, Түркия;
 - Ташкент мемлекеттік көлік университеті, Өзбекстан;
 - Ташкент мемлекеттік экономикалық университеті, Өзбекстан;
 - Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті, Өзбекстан;
 - Мемлекеттік зияткерлік технологиялар және байланыс университеті, Украина;
 - Братиславадағы Коменский университеті, Словакия.

Сонымен қатар, университет студенттері Еуропа елдерінің жоғары оқу орындарында оқуға стипендия алуға арналған конкурстарға белсенді қатысады. Мәселен, 2023-2024 оқу жылында Литва мен Словакия стипендиясын алу конкурсына қатысу үшін 20-дан астам өтінім берілді. Нәтижесінде шет тілдер факультетінің 4 студенті ай сайынғы 490 евро стипендиясымен Литва мемлекеттік стипендиясының иегерлері атанды және ұтқырлық бағдарламасы аясында Ұлы Витаутас университетінде (Литва) 2023 жылдың күзінде оқып қайтты. Айта кету керек, әр елден келген студенттер үшін барлығы 35 грант бөлінді, оның 4-ін академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері иеленді.

Экономика факультетінің 1 студенті бір семестрге 2500 евро көлемінде Словакия ұлттық стипендиясын алып, Братиславадағы (Словакия) Коменский университетінде оқыды.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының көрсеткіштерінің бірі жоғары оқу орны қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттердің үлесі болып табылады. Осыған байланысты, 2023–2024 оқу жылында 35 білім алушыға Польша, Ресей, Беларусь және Түркия жоғары оқу орындарында оқу үшін университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржылық қолдау көрсетілді.


Университетте сыртқы кіріс ұтқырлығы аясында 2023-2024 оқу жылында келесі университеттерден 89 студент білім алды:

- Венгриядағы Король Гашпар реформат шіркеуінің университеті, Венгрия;
- Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей Федерациясы;
- Мемлекеттік зияткерлік технологиялар және байланыс университеті, Украина;
- Ташкент мемлекеттік көлік университеті, Өзбекстан.

Осылайша, шетелдік академиялық ұтқырлыққа қатысушылардың жыл сайынғы өсуі байқалады, яғни біздің университеттен және біздің университетке

шетелдік білім алушылар оқуға келді. Егер 2020–2021 оқу жылында Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 103 білім алушысы шетелдің жоғары оқу орындарында оқыса, ал 2023–2024 оқу жылында 241 студент шетелде білім алды. Сондай-ақ кіріс академиялық ұтқырлықтың өскенін көріп отырмыз: 2020–2021 оқу жылында 51 білім алушы, 2023–2024 оқу жылында — 89 білім алушы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде оқыды.


2023-2024 оқу жылындағы сыртқы ұтқырлық динамикасы



Ішкі академиялық ұтқырлық Қазақстанның 53 жоғары оқу орнымен жүзеге асырылады.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ҚР жоғары оқу орындарымен ынтымақтасады және есепті кезеңде Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарына, олардың ішінде жетекші ұлттық жоғары оқу орындары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне, М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ-ге 242 білім алушыны жіберді.

Ішкі академиялық ұтқырлық динамикасы



Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында біздің университет Қазақстан Республикасының 8 жоғары оқу орнынан оқуға 168 студент қабылдады.

Сондай-ақ кіріс және шығыс сияқты ішкі академиялық ұтқырлықтың артуы байқалады.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы да академиялық ұтқырлық бағдарламасына белсенді қатысады. 2023–2024 оқу жылында академиялық ұтқырлық шеңберінде университеттің профессор-оқытушылар құрамы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен, сондай-ақ Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетімен өзара алмасуды жүзеге асырды.

4.3 Университет профессор-оқытушылар құрамының халықаралық жобаларға қатысуы

2023–2024 оқу жылында Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде келесі халықаралық ғылыми және білім беру **жобалары** іске асырылды:

- Erasmus+ ЖБӨА халықаралық жобасы: KazDUAL — Қазақстанда дуальды жүйені енгізу.
- Шанхай жобасы, ҚХР Шыңжаң университеті, «Көмірден анот батареяларын алу».
- Қазақстандағы студенттердің, оқытушылардың және жастардың ағылшын тіліндегі дағдыларын жетілдіру бойынша білім беру жобасы, 2023-2024 оқу жылы, Фулбрайт Спенсер Харрисон стипендиясы.

NAWA-мен (Поляк ұлттық академиялық алмасу агенттігі) поляк тілін оқыту бойынша білім беру жобасы, 2023–2024 оқу жылы, оқытушы Ивона Точек.

ERASMUS 2027 қаржыландыру бағдарламасына қатысу, Strand 3 (ERASMUS-EDU-2024-CBHE-STRAND-3) жоғары білім беру саласындағы әлеуетті дамыту аясында Еуропалық комиссия «Edu-Fusion Network for Sustainable Growth» — «EDUFUSION NSG» жобасына гранттық өтінімді мақұлдады. Жоба үйлестірушісі — Порту политехникалық институты, Португалия. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті халықаралық жобаның 10 серіктесінің бірі болады.

«EDUFUSION NSG» білім беру нәтижелерін еңбек нарығының талаптарымен үйлестіруге және тұрақты өсуге және жұмыс орындарын құруға жәрдемдесуге баса назар аудара отырып, Қазақстанда жоғары білім беруді қайта құру үшін әзірленген кешенді тәсілді білдіреді. Жоба өнеркәсіп пен академия арасындағы тығыз байланысты қамтитын экожүйені құруға, оқытушыларды оқыту мен сертификаттауға және Қазақстанда ұлттық деңгейде тұрақты өсуді және кәсіпкерлік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету үшін нарық қажеттіліктеріне сәйкес келетін онлайн-курстарды ұсынуға бағытталған.

4.4 Қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру

Есепті кезеңде университет РФ М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Өзбекстанның Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен 2 қос дипломды бағдарламаны; Шотландиядағы Хериот Уотт университетінің Бизнес-мектебі, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және РФ Томск мемлекеттік политехникалық университетімен 3 бірлескен білім беру бағдарламасын іске асырды.

4.5 Шетелдік мамандарды тарту

Шетелдік ғалымдарды шақыру бағдарламасы аясында Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті АҚШ, Финляндия, Польша, Венгрия, Грекия, Ресей Федерациясы, Түркия, Қырғызстан және т.б. елдерден мамандар қабылдады.

2023-2024 оқу жылында жақын және алыс шетелдерден 56 шетелдік ғалым шақырылды:

- 5-уі республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған;
- 25-і жоғары оқу орыны қаражаты есебінен қаржыландырылған;
- 22-сі өзге қаражат есебінен қаржыландырылған;
- 4-і Erasmus+ бағдарламасы бойынша.

Шетелдік мамандарды тарту Erasmus+ бағдарламасы бойынша академиялық алмасу аясында да жүзеге асырылды. Мәселен, 2024 жылы шет тілдер факультетіне Кастамону университетінің (Түркия) профессоры Мустафа Озтурк дәрістер курсымен келді, ал физика-техникалық факультетінде қонақ дәрістері мен зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында Братиславадағы (Словакия) Панъеуропалық университеттің профессорлары — Хайдук Людовит пен Бенчич Станислав болып қайтты.

Осылайша, шақырылған лекторлардың өсуі байқалады: 2023 жылы — 26 адам, ал 2024 жылы — 30 адамды құрады.

5 АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Есепті кезеңде Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығының қызметі мына бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- техникалық қамтамасыз ету;
- бағдарламалық қамтылымды әзірлеу және сатып алу;
- университеттің IT-инфрақұрылымын дамыту;
- монтаждау және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;
- серверлік инфрақұрылымды дамыту.

Университетте оқу процесін қамтамасыз ету үшін мынадай бағдарламалық қамтылым сатып алынды:

№	Бағдарламалық қамтылым	Құны млн. тг
1	Office 365	6,4
2	Dr. Web	3,7
3	«Платонус» АЖ техникалық қолдау	8
4	Documentolog	1,8
Жиыны:		19,9

Қаржы шығындарының көлемі 19,9 млн теңгені құрады. Лицензияланған бағдарламалық қамтылым қызметкерлердің, оқытушылардың жұмысын автоматтандыруға және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығы барлық қолданыстағы инфрақұрылымға талдау жүргізді және жүргізілген талдау негізінде сатып алу қажет цифрлық техниканың тізімін жасады. Қазіргі уақытта келесілерді сатып алу жүзеге асырылуда:

Жабдық түрі	Құны млн. тг
Компьютерлер	27,4
Интерактивті тақталар	6,1
Проекторлар	1,3
Ноутбуктер	9,9
Үздіксіз қуат көзі және серверлік жабдыққа арналған резервтік жиынтықтар	20,1
Жиыны:	64,8

Қаржы шығындарының көлемі 64,8 млн теңгені құрады.

Сондай ақ келесі цифрлық техниканы техникалық қолдау жүзеге асырылуда:

№	Атауы	Саны
1	Дербес компьютерлер	2443
2	Кеңсе техникасы	773
3	Физикалық серверлер	25
4	Виртуалды серверлер	85
5	Желілік жабдық	1033
6	Цифрлық бейнебақылау камералары	542
7	Сөздік хабарлағыштар	277
Жиыны:		5178

Университетті цифрландыру мақсаттарының бірі кампуста болу сапасын, сондай-ақ студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған инфрақұрылымды дамыту. Есепті кезеңде № 6, № 7 және № 12 оқу корпустарына кіруді бақылау және басқару жүйесін орнату бойынша жұмыстар жүргізілді.

Есепті кезеңде тәуекел-менеджмент, баспа басылымдарын есепке алу, оқытушылардың конкурстық және аттестаттау рәсімдері, түлектерге арналған транскриптер мен дипломдарды басып шығару, студенттермен қосымша келісімдерге қол қою тәрізді университеттің бизнес-процестерін автоматтандыру үшін бағдарламалық қамтылымды әзірлеу және жаңарту жүргізілді.

Университет студенттердің оқудан тыс уақытта кампуста болуына ерекше назар аударады. 2024 жылы № 3 және № 4 Студенттер үйлерін Wi-Fi желісімен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді.

Бұл салымдар ұзақ мерзімді, университеттің ақпараттық-цифрлық ресурстарының жұмыс істеуі үшін сенімді негіз болады және бүкіл инфрақұрылымның ақауларға төзімділігін арттырады.

6 КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫН ДАМУ. БАСПА ҚЫЗМЕТІ

6.1 Кітапхана ресурстарын дамыту

Ғылыми кітапхананың қызметі университеттің білім беру және ғылыми қызметін оқу және ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ ғылым, білім, мәдениет саласындағы соңғы жетістіктер туралы ақпаратпен уақтылы қамтамасыз етуге бағытталған.

Жыл сайын кітапханаға 10 мыңнан астам кітап пен журнал түседі.

2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кітапхана қорының көлемі 1 813 053 дананы құрады, оның ішінде:

- оқу әдебиеті — 990 143 дана;
- ғылыми әдебиет — 532 218 дана;
- көркем әдебиет — 91 304 дана.

Кітапханаға түскен 1338 кітап университет баспасында басылып шықты.

11 577 885 теңге сомасына 770 мерзімді басылымға жазылу жүзеге асырылды.

Университет репозиторийі оқытушыларымыздың 17 мыңнан астам еңбегін қамтиды және ғылыми коммуникацияның заманауи деңгейін қамтамасыз етеді.

Білім беру процесін кітапханалық-ақпараттық қолдау мақсатында Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханаға (РЖЭК), E-library, «Параграф» АЖ және т.б. толық мәтінді қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Ұлттық лицензиялық жазылым Scopus, Science Direct, Clarivate Analytics және Wiley шетелдік электрондық ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2023–2024 оқу жылында тарих және педагогика факультеттерінің оқу кітапханалары жаңартылды. Олар кітап қорларына ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді, магистранттар, докторанттар мен оқытушылардың жобалық және топтық жұмысы, түрлі іс-шараларды өткізуге арналған орындармен жабдықталған, коворкинг-орталығы, сирек кездесетін кітаптар қорының аймағы, дизайн студиясы бар.

Жұмыс орындарын ұйымдастыру және пайдаланушылардың университеттің ақпараттық ресурстарына ыңғайлы қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оқу кітапханаларында RFID-жабдықтары орнатылған. Енді қорлармен жұмыс нақты уақыт режимінде жүреді.

Тарих факультетінің оқу кітапханасы



Оқу залы



Абонемент




Коворкинг орталығы



Сирек кездесетін кітаптар қоры

Педагогика факультетінің оқу кітапханасы



Оқу залы



Оқу залы



Электрондық ресурстар залы



Дизайн студиясы



Холл


6.2 Баспа қызметі

Университеттегі баспа қызметі білім беру процесін оқытудың барлық нысандары бойынша оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету, оқытушылардың жарияланымдық белсенділігін арттыру және ғылыми әлеуетін дамыту, сондай-ақ іс қағаздарын жүргізу үшін ресми құжаттаманы басып шығару, жоғары сапалы полиграфиялық өнімдерді шығару міндеттерін іске асырумен тікелей байланысты.

Есепті жыл ішінде баспаның өндірістік қуаты 65 900 б.т. құрады.

Университет баспасында М. Сәрсекенің «Біртуар Бөкетов» кітабын беттеу және корректорлық жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар:

- филология факультетінің оқытушылары туралы «Тереңге тартқан тамырын» кітабы;
- «Сарыарка в историческом пространстве Евразии» халықаралық конференциясының материалдар жинағы, «Ceramic vessels of the Bronze Age» фотоальбомы жарық көрді.



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың Оқу және ғылыми әдебиеттерді басып шығару және коммерциялық тарату туралы ережесіне сәйкес университет оқытушыларының оқу және ғылыми басылымдары университет есебінен басылып, Ғылым департаменті арқылы бөгде ұйымдардың өтінімдері бойынша сатылуда.



Университеттік іс-шараларға арналған тақырыптық баспа өнімдері шығарылады.



Баспаның материалдық-техникалық базасы негізінде университет логотипі бейнеленген 4000-нан астам диплом қатты мұқаба шығарылып, университет түлектеріне арналған дипломдар мен дипломға қосымшалар басылды.




Баспаның 2023–2024 оқу жылындағы өндірістік қуаты


Түрі	Атауы	Саны	Көлемі, б.т.
Ғылыми	Барлығы	68	22233,63
	Конференция, дөңгелек үстел материалдары	8	2320,73
	Конференция бағдарламалары	4	144,30
	Ғылыми еңбектер жинағы	5	2399,00
	Монографиялар	10	5062,50
	Ғылыми журналдар	40	12155,85
	Фотоальбом / Сөздіктер	1	151,25
Оқу	Барлығы	31	14184,03
	Әдістемелік нұсқаулар	4	762,00
	Әдістемелік ұсынымдар	2	452,40
	Әдістемелік құралдар	1	550,00
	Оқулықтар	3	1387,1
	Оқу құралдары	19	10129,53
	Оқу-әдістемелік құралдар	2	903,00
Нормативтік	Барлығы	4	745,94
Анықтамалық	Барлығы	5	5037,2
Көркем	Барлығы	3	1812,5
Бланкілік	Барлығы	466	21887,32
Ақылы қызметтер			16 019,00
Барлығы		577	65 900,00

Өткен жылмен салыстырғанда баспа ғылыми және оқу әдебиеті көлемінің азаюы университет баспасының кітап данасы нақты тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша басылатын жаңа полиграфиялық технологияға (Талап бойынша басып шығару, Print-on-demand, POD) көшуімен байланысты, сондай-ақ көптеген басылымдар электронды форматта шығарылады.

Әрбір басылым, оның ішінде бланк өнімдері алдын ала дайындықтан өтеді (беттеу, мәтінді оқу, түзету, дизайн және т.б.). Өндірістік қуаттылықтың төмендеуіне қарамастан, шығарылатын өнім санының (ассортиментінің) ұлғаюы байқалады.



Баспаның 2020–2024 оқу жылындағы өндірістік қуаты



2020-2024 оқу жылында шығарылған өнім саны

2023-2024 оқу жылында баспа **60 094 мың** теңгеге баспа-полиграфиялық қызмет көрсетті, оның ішінде:

- университет үшін — **37 728 мың** теңге,
- ақылы қызметтер — **22 366 мың** теңге.

УНИВЕРСИТЕТ ҮШІН



АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР



Мәселен, есепті кезеңде ақылы түрде көрсетілген баспа және полиграфиялық қызметтердің өсімі 17 %-ды, ал университет бойынша 24 %-ды құрады. Бұл университет баспасының жұмысындағы оң динамикалық көрсеткіш.

7 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Тәрбие жұмысы — ұжым жұмысының түпкілікті нәтижесіне, еліміздің игілігі үшін жұмыс істеуге дайын кемел тұлға, маманды тәрбиелеуге өз ықпалын тигізетін қызмет бағыты.

Осы бағдарлама бойынша есепті кезеңде университетте патриотизмді, толеранттықты, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, студенттердің зияткерлік және рухани әлеуетін дамытуға бағытталған 150-ден астам іс-шара өткізілді.

Сонымен қатар, жаңа дағдыларға ие болып, қоғамға пайдалы болуға ұмтылатын студенттердің үлесі жыл сайын артып келеді, мысалы:

- бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің үлесі 10,65 %-ды құрады;
- университеттің шығармашылық клубтарының қызметімен қамтылған студенттердің үлесі — 31,2 %;
- студенттік өзін-өзі басқару органдарының мүшелері болып табылатын студенттер үлесі — 12,9 %;
- жоо-ның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын студенттердің үлесі — 33,34 %;
- шығармашылық және инновациялық әлеуетті қолдауды қаржыландыру үлесі — 3,54 %;
- ірі облыстық, республикалық және халықаралық іс-шаралар мен жобаларға қатысатын студенттердің үлесі — 13,4 %.

Біздің университет студенттерінің сабақтан тыс уақытта өзін-өзі жүзеге асыруына барлық жағдай жасалған, атап айтқанда:

- университетте 33 спорт секциясы жұмыс істейді;
- шығармашылық әлеуетті дамыту үшін 107 қызығушылық клубы жұмыс істейді, сондай-ақ фото-бейне түсірілімдер үшін жаңа медиа клуб ашылды, барлық қажетті жабдықтар сатып алынды.
- сондай-ақ, өткен оқу жылында 6000 студентке қызмет көрсеткен 1-ші Студенттік емхана жұмыс істейді.

Жоғарыда аталған барлық қызметтер біздің университет студенттеріне тегін негізде ұсынылады.

Ағымдағы жылы өткізілген ірі іс-шаралар:

– Қазан айында бірінші курс студенттеріне арналған «Қош келдің, студент» атты іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шара Орталық саябағында өтті, оған депутаттар, қоғам қайраткерлері, сондай-ақ жастар арасында танымал әншілер шақырылды.



– «Ойлан, тап» зияткерлік ойыны – әлем тарихын, Қазақстан мәдениетінің ұлы қайраткерлерінің өмірін, елдердің географиясы мен табиғатты зерттеуге бағытталған.



– 1-курс студенттеріне арналған **«Білгенің абзал»** ақпараттық-профилактикалық жобасы іске қосылды, ол бülлингті жоюға бағыттталып, есірткіні тарату мен қолданудың салдары, деструктивті діни ағымдар, салауатты өмір салты және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат береді. Бұл жобаға 3500 студент қатысты.



– «Шаттық» жастар әуесқой театрын С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының актері Ж. Ахай басқарып отыр. Театр қысқа мерзім ішінде Жаңаарқа ауданының, сондай-ақ Ұлытау облысының Жезқазған қаласының сахналарында өнер көрсете алды. «Шаттық» театры «Қара орамал» және «Бір түп алма ағашы» қойылымдарынан кейін студенттер арасында танымал болды.



– «РуханиKZ» жастар-ағарту жобасы аясында университет оқытушылары мен белсенді студенттері Қарағанды-Қарқаралы, Қарағанды-Баянауыл, Қарағанды-Ұлытау, Қарағанды-Тараз бағыттары бойынша киелі орындарға барып қайтты. Іс-шараның мақсаты — белсенді студенттерді жыл бойына түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға көмектескені үшін ынталандыру. Бұл жай ғана демалыс емес, Қазақстанның тарихи әрі киелі жерлеріне саяхат. Әр бағыт бойынша 150 студент қатысты. Жоба дәстүрге айналып, әр қарай жылы өз жалғасын табатын болады.



«Студенттер үйінде» тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. «Студенттер үйінде» тұратын білім алушылар сабаққа дайындалу, бос уақытты мазмұнды өткізу, денсаулықты нығайту үшін барлық мүмкіндіктерге ие. 2023–2024 оқу жылында «Студенттер үйінен» білім алушыларға 2600-ден астам орын ұсынылды. Сондай-ақ, №4 «Студенттер үйінің» Б корпусында күрделі жөндеу

жүргізілді, жиһаз жиынтығы сатып алынып, жаңа душ бөлмелері орнатылды. Сонымен қатар № 5, № 6 жатақханалар орталықтандырылған қалалық жылу жүйесіне қосылды.

Жыл сайын тұрмыстық техникамен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған демеушілер де қалыс қалмады. Биылғы жылғы демеушілер — «Халық банкі» АҚ «Студенттер үйін» түрлі деңгейдегі іс-шараларды өткізуге арналған құрал-жабдықпен қамтамасыз етті.



Белсенді жастарымыз бен оқытушыларымыз Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алған төтенше жағдайдан кейін «Күш — бірлікте» деп аталатын гуманитарлық көмек ұйымдастырды. Іс-шараға университеттің барлық факультеттері мен ұжымдары қатысты. Университетте және одан тыс жерлерде күндіз-түні тынымсыз қоғам алдындағы борышын өтеген «Біз бармыз» еріктілер орталығының атқарған жұмысын атап өткен жөн. Университет 20 тонна гуманитарлық көмек жинады.



Университетте жетім студенттер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерді әлеуметтік қорғау, академиялық үлгерімін ынталандыру және материалдық қолдау мақсатында әлеуметтік көмек те көрсетіледі. Атап айтқанда, олар «Студенттер үйлерінде» тегін тұрады, тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етіледі, медициналық қызметті пайдаланады.

Университетте Психологиялық орталық құрылып, оған әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы жетекшілік етеді. Орталық үшін 3 штаттық бірлік бөлінді, бұл студенттермен тереңірек жұмыс істеу үшін қажет болды.

Оқу жеңілдіктеріне тоқталатын болсақ, өткен жылы 553 білім алушы 10-нан 50 %-ға дейін жеңілдік алды. Бұл — көпбалалы отбасылар, олимпиада, конкурс, стартап жеңімпаздары, жетімдер, мүгедектер, шетел азаматтары, ұлттық құраманың мүшелері (олимпиадалық спорт түрлері бойынша), спорттағы жаңа есімдер.

Есепте кезеңдекәсіподақ комитеті Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан елдерінің санаторийлеріне 10 бағыт бойынша 217 қызметкерге жолдама берді. Біріккен Араб Әмірліктеріне университеттің 12 қызметкері барды.

Әлеуметтік қолдау аясында университет 36 оқытушы мен 42 қызметкерге жалпы сомасы 44 млн 900 мың теңгеге пайызсыз қарыз берді.

7.1 Кәсіподақ комитеті

Кірістер мен шығыстар сметасының баптарына сәйкес, 2023 жылға мәдени-көпшілік жұмысқа 20 669 482 теңге жұмсалды.

Мәдени-көпшілік жұмыстарға арналған шығыстар кәсіподақ ұйымы мүшелерінің тиісті іс-шараларға берген ұсыныстары, тауарлық және кассалық чектер қоса берілген шығыс ордерлері бойынша кәсіподақ комитетінің шешімінің үзінді көшірмелер негізінде жүргізілді. Осы бап бойынша қаражат **«Алғыс айту күнімен»** еңбек ардагерлерін құттықтауға, **«Халықаралық әйелдер күні»**, **«Рамазан»** мерекесімен, **«Жеңіс күнімен»**, **«Қарттар күнімен»** құттықтауға жұмсалды, сондай-ақ **«Мұғалімдер күніне»**, **«Республика күніне»** арналған, **«Тәуелсіздік күніне»** орай іс-шаралар өткізуге, **«Екі Жұлдыз»** конкурсын, **жаңа жылдық іс-шаралар** өткізуге, конкурстар өткізуге, университет логотипі бар кәдесый өнімдерін сатып алуға, баннерлер, құрмет грамоталарын дайындауға, музыкалық комедия театрына, Қ. Байжанов атындағы Концерттік бірлестікке билеттер сатып алуға, ақпараттық материалдарды басып шығаруға және т.б. қаражат жұмсалды.

«Кәсіподақ мүшелеріне материалдық көмек» бабына есепті жылы 10 964 000 теңге жұмсалды. Кәсіподақ атқару комитеті отырыстарының хаттамаларымен ресімделген кәсіподақ шешімдері бойынша кәсіподақтың аса мұқтаж мүшелеріне материалдық көмек берілді.

«Дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына» шығыстар есепті жылы 828 325 теңгені құрады.

Есепті жылы кәсіподақ мүшелерін сауықтыруға және жазғы демалысты ұйымдастыруға 9 838 800 теңге жұмсалды.



Көшпелі университеттік іс-шараларды өткізу үшін 16 орындық JAC Sunray шағын автобусы 12500 мың теңгеге сатып алынды.



8 ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2020-2024 жылдар кезеңіндегі кіріс, мың теңге

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2020 жыл нақты	2021 жыл нақты	2022 жыл нақты	2023 жыл нақты	2024 жоспар	2023 жылғы орындалу %				
								2020 жыл-ға қарай	2021 жыл-ға қарай	2022 жыл-ға қарай	2024 жылғы жоспарға	
1	Кірістер, барлығы	мың теңге	5889913	7167524	9208195	11362761	13326076	193	159	123	85	
оның ішінде												
1.1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау жөніндегі қызметтер, барлығы		5357308	6563934	7887267	9150144	10987780	171	139	116	83	
оның ішінде												
1.1.1	республикалық бюджет есебінен		2861872	3826137	4812321	5734652	7052222	200	150	119	81	
1.1.2	ақылы негізде		2495436	2737797	3074946	3415492	3935558	137	125	111	87	
1.2	Ғылыми-зерттеу жұмыстары		418554	429781	710114	1548928	1540947	370	360	218	101	
1.3	Басқа кірістер		114051	173809	610814	663689	797349	582	382	109	83	




2023 қаржы жылына арналған даму жоспарында көзделген 11 млрд 279 млн 012,6 мың теңге көлеміндегі университет кірістері іс жүзінде 11 млрд. 362 млн 761 мың теңгеге немесе жоспарға қатысты 100,74 %-ға орындалды. Болжамнан ауытқу — 83 млн 748,4 мың теңгені құрады.

Алдыңғы, 2022 жылмен салыстырғанда Қоғамның кірістері мен шығыстары бойынша оң динамика байқалады (өсім 123 %-дан жоғары).

2020-2024 жылдар кезеңіндегі шығыстар, мың теңге


р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2020 жыл нақты	2021 жыл нақты	2022 жыл нақты	2023 жыл нақты	2024 жоспар	2023 жылғы орындалу %			
								2020 жылға қарай	2021 жылға қарай	2022 жылға қарай	2024 жылғы жоспарға
2	Шығыстар, барлығы	мың теңге	5 666 200	7 031 364	9 080 218	11 157 434	11 682 331	197	159	123	96
оның ішінде											
2.1	Еңбекақы төлеу қоры, барлығы		3 677 874	4 735 078	6 171 478	7 048 757	7 388 341	192	149	114	95
оның ішінде											
2.1.1	негізгі өндіріс өнімін өндірумен айналысатын жұмыскерлердің		2 527 088	3 536 796	4 373 552	5 152 227	5 085 696	204	146	118	101
2.1.2	қосалқы өндіріс өнімін өндірумен айналысатын жұмыскерлердің		45 102	63 620	84 349	94 892	109 507	210	149	112	87
2.1.3	әкімшілік персоналдың		287 932	310 028	414 752	464 559	532 774	161	150	112	87
2.1.4	басқа жұмыскерлердің		817 752	824 634	1 298 825	1 337 079	1 660 364	164	162	103	81
2.2	Сатып алу, барлығы		1 505 937	1 948 972	1 966 381	2 534 922	3 705 448	168	130	129	68
оның ішінде											
2.2.1	Инвестициялық жобалар мен бағдарламалар		22 786	106 188	40 175	515 758	2 016 439	2 263	486	1 284	26
2.2.2	Негізгі құралдар		434 926	555 474	574 511	566 795	295 306	130	102	99	192
2.2.3	Материалдық емес активтер (бағдарламалық жасақтама)		13 265	15 307	9 041	30 773	44 959	232	201	340	68
2.2.4	Қорлар (құрылыс материалдары, сантехника, электр тауарлары, кеңсе тауарлары, ЖЖМ, шаруашылық тауарлары және т.б.)		298 297	297 220	493 796	591 315	553 326	198	199	120	107
2.2.5	Жұмыстар/ көрсетілетін қызметтер		736 663	974 783	848 858	830 281	795 419	113	85	98	104
2.3	Басқа шығыстар		482 389	347 314	942 359	1 573 755	588 542	326	453	167	267
3	Қаржылық нәтиже (пайда, бөлінбеген кіріс/шығын)		223 713	136 160	127 977	205 327	1 643 745	92	151	160	12
4	Саны, оның ішінде:	адам									
4.1.	штат бойынша		1 993	2 161	2 308	2 308	2 308	116	107	100	100
4.2.	орташа тізімдік		1 655	1 963	1 989	1 887	1 827	114	96	95	103



2020-2023 жылдар кезеңіндегі КІРІСТЕР, ШЫҒЫСТАР, ТАЗА ПАЙДА

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2020 жыл нақты	2021 жыл нақты	2022 жыл нақты	2023 жыл нақты	2024 жоспар	2023 жылғы орындалу %				
								2020 жыл-ға қарай	2021 жыл-ға қарай	2022 жыл-ға қарай	2023 жылғы жоспарға	
1	Кіріс, барлығы	мың теңге	5889913	7167524	9208195	11362761	13326076	193	159	123	85	
оның ішінде												
1.1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау жөніндегі қызметтер, барлығы		5357308	6563934	7887267	9150144	10987780	171	139	116	83	
оның ішінде												
1.1.1	республикалық бюджет есебінен		2861872	3826137	4812321	5734652	7052222	200	150	119	81	
1.1.2	ақылы негізде		2495436	2737797	3074946	3415492	3935558	137	125	111	87	
1.2	Ғылыми-зерттеу жұмыстары		418554	429781	710114	1548928	1540947	370	360	218	101	
1.3	Басқа кірістер		114051	173809	610814	663689	797349	582	382	109	83	
2	Шығыстар, барлығы		5666200	7031364	9080218	11157434	11682331	197	159	123	96	
оның ішінде												
2.1	Еңбекақы төлеу қоры, барлығы		3677874	4735078	6171478	7048757	7388341	192	149	114	95	
оның ішінде												
2.1.1	негізгі өндіріс өнімін өндірумен айналысатын жұмыскерлер		2527088	3536796	4373552	5152227	5085696	204	146	118	101	
2.1.2	қосалқы өндіріс өнімін өндірумен айналысатын жұмыскерлер		45102	63620	84349	94892	109507	210	149	112	87	
2.1.3	әкімшілік персонал		287932	310028	414752	464559	532774	161	150	112	87	
2.1.4	басқа жұмыскерлер		817752	824634	1298825	1337079	1660364	164	162	103	81	
2.2	Сатып алу, барлығы		1505937	1948972	1966381	2534922	3705448	168	130	129	68	
оның ішінде												
2.2.1	Инвестициялық жобалар мен бағдарламалар		22786	106188	40175	515758	2016439	2263	486	1284	26	
2.2.2	Негізгі құралдар		434926	555474	574511	566795	295306	130	102	99	192	
2.2.3	Материалдық емес активтер (бағдарламалық жасақтама)		13265	15307	9041	30773	44959	232	201	340	68	
2.2.4	Қорлар (құрылыс материалдары, сантехника, электр тауарлары, кеңсе тауарлары, ЖЖМ, тұрмыстық заттар және т.б.)		298297	297220	493796	591315	553326	198	199	120	107	
2.2.5	Жұмыстар/ қызметтер		736663	974783	848858	830281	795419	113	85	98	104	
2.3	Басқа шығыстар		482389	347314	942359	1573755	588542	326	453	167	267	
3	Қаржылық нәтиже (пайда, бөлінбеген кіріс/шығын)		223713	136160	127977	205327	1643745	92	151	160	12	
4	Саны, оның ішінде:	адам.										
4.1	штат бойынша		1993	2161	2308	2308	2308	116	107	100	100	
4.2	орташа тізімдік		1655	1963	1989	1887	1827	114	96	95	103	


Шығыстар 11 млрд 277 млн 452 мың теңге көлемінде көзделген. Іс жүзінде жылына 11 млрд 157 млн 434 мың теңге немесе жоспар көрсеткішіне қатысты 98,94 % және іс жүзінде алынған кірістер көлеміне 98,19% жұмсалды (11 млрд 362 млн 761 мың теңге).




Жалпы, 2023 жылы инвестициялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер 2 млрд 534 млн 922 мың теңге көлемінде немесе бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарына қатысты 101%-ға (2 млрд 519 млн 363 мың теңге) сатып алынды. Сатып алу құрылымында:

- 32,75 % — жұмыстар мен қызметтер;
- 23,33 % — қорлар;
- 22,36 % — негізгі құралдар;
- 20,35 % — инвестициялық жобалар;
- 1,21 % — материалдық емес активтер.

2020-2024 жылдар кезеңіндегі еңбекақы төлеу қоры, мың теңге




2020–2024 жылдар кезеңіндегі еңбекақы төлеу қоры, мың теңге



Еңбекақы төлеу қоры есепті кезеңде 877 млн 279 мың теңгеге немесе 114,2 %-ға ұлғайды, бұл ретте негізгі өсім ОПҚ бойынша — 117,8 %-ды, көмекші персонал бойынша — 112,5%-ды құрады.

Нақты еңбекақы қоры 7 млрд 048 млн 757 мың теңгені немесе жоспар көрсеткішіне 98,54 %-ды, ал нақты алынған кірістер көлеміне 68,8 %-ды (11 млрд 362 млн 761 мың теңге) құрады.

2020–2024 жылдар кезеңіндегі жұмыскерлер саны



Соңғы 5 жылда (2017–2023 жж.) персоналдың штат саны 8 %-ға немесе 173 бірлікке ұлғайған кезде (2017 ж. штат саны — 2135 бірлік, 2023 ж. — 2308 бірлік) еңбекақы төлеу қоры 278 %-ға немесе 3 есеге жуық өсті (2017 ж. ЕТҚ — 2 млрд 819 млн теңге, 2023 ж. — 7 млрд 841 млн теңге).

Қордың мұндай ұлғаюы қызметкерлердің орташа айлық жалақысының 122,5 мың теңгеден 311,3 мың теңгеге дейін өсуіне байланысты, оның ішінде ОПҚ жалақысы 155,2 мың теңгеден 364,8 мың теңгеге дейін (235%) немесе 2,5 еседен астам өсті.

Қоғамның жалпы табысы 235 млн 139 мың теңгені құрады, жоспар бойынша — 283 млн 054,5 мың теңге.

Есепті жылдың пайдасы 205 млн 327 мың сомасында алынды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 77 млн 305 мың теңгеге немесе 160%-ға жоғары.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ құрылымында 10 оқу корпусы, 7 студенттер үйі, қала сыртындағы практика базалары, баспа, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы объектілер (Студенттер сарайы, спорт ғимараттары, спорттық-сауықтыру кешені, денсаулық пункті, емхана, асханалар мен буфеттер) бар.


Университет жыл сайын материалдық-техникалық базаны заманауи жабдықтармен, компьютерлік техникамен, жиһазбен және басқа да негізгі құралдармен жаңартып, толықтыруда, сондай-ақ оқу корпустарын, Студенттер үйлерін жөндеп, аумақты абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді.

**2021–2023 жж. жылжымайтын мүлік объектілерін жалға (жалдауға)
беруден түскен табыс**

Объект	Қызмет түрі	2021-2023 жылдардағы жалдау ақысы		оның ішінде							
		жалға берілетін алаң	сомасы (мың теңге)	2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл		Отклонение к 2022 г.	
				жалға берілетін алаң	сомасы (мың теңге)	жалға берілетін алаң	сомасы (мың теңге)	жалға берілетін алаң	сомасы (мың теңге)	жалға берілетін алаң	сомасы (мың теңге)
Асханалар, буфеттер	Тамақтандыру қызметтері	8155	31967	732	3271	3627	12273	3796	16423	168	4150
№1-7 жатақханалар	Медициналық қызмет көрсету, ауыз сумен қамтамасыз ету, кір жуу қызметтері	1727	21594	587	74	570	9829	570	11691	0	1862
Оқу корпустарының кабинеттері	Кәсіподақ қызметі, ғылыми институт, тіл курстары, мәдени іс-шаралар, ксерокөшіру, мәтіндерді басып шығару бойынша қызметтер көрсету	5145	11206	292	3127	1947	3512	2906	4567	959	1054
Спорт залдары	Спорттық іс-шаралар мен жаттығулар	58704	47858	874	3928	25803	19147	32027	24784	6223	5637
Денсаулық сақтау пункті	Стоматологиялық қызметтер	58	1215	19	310	19	389	19	515	0	126
Оқу корпустарындағы банкоматтар	Ақша беру	118	3453	39	1106	39	1065	39	1282	0	218
Бір жылғы жиыны		73907	117293	2544	11817	32006	46214	39357	59262	7351	13047
Коммуналдық қызметтер			49588		4376		22401		22811		410
Бір жыл ішінде		73907	166881	2544	16193	32006	68615	39357	82073	7351	13457


Бүгінгі таңда табыс табудың қосымша көздерінің бірі — бос алаңдарды жалға беру. 2021–2023 жылдар аралығында ренталық табыс өсімінің оң динамикасы байқалады. Көрсетілген кезеңдегі түсімдердің жалпы сомасы 117 млн 293 мың теңгені құрайды.

2021-2023 жж. жылжымайтын мүлік объектілерін жалға (жалдауға) беруден түскен табыс



2021 жылдан бастап жалдау ақысынан түсетін кіріс 5 еседен астам немесе 11,8 мың теңгеден 59,3 мың теңгеге дейін өсті, егер 2021 жылы 2544 ш.м. жалға берілсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 39357 ш.м.-ге жетіп, 15 есеге өсті.

2021-2023 жж. жалға (жалдауға) берілген жылжымайтын мүлік объектілерінің алаңдары (ш.м.)




Жалға берілген алаңдардың негізгі үлесі спорттық іс-шаралар мен жаттығуларға тиесілі — 39 357 ш.м.-дің 32 027 ш.м.-н немесе жалпы санның 81 %-ын құрайды. Есепті кезеңде қызметтің осы түрі бойынша жалдау ақысы 24784 мың теңгені құрады, яғни 2022 жылға қарай 5637 мың теңгеге өсті.

Тамақтандыру қызметтерін жүзеге асыру үшін жалға берілген үй-жайлардың ауданы жалпы алаңның 10 %-ын, яғни 3796 ш.м.-ді құрайды. Есепті кезеңдегі жалдау ақысы 16 423 мың теңгені құрады, яғни 2022 жылға қарай 4 150 мың теңгеге ұлғайды.

Кәсіподақ, ғылыми институт қызметі, тілдік курстар, мәдени іс-шаралар, ксерокшіру, мәтіндерді басып шығару үшін оқу корпустарының кабинеттері жалға берілген, бұл 7 %-ды немесе 2906 ш.м.-ді құрайды. Есепті кезеңдегі жалдау ақысы 4567 мың теңге құрайды, яғни 2022 жылға қарай 1054 мың теңгеге өсті.

12% немесе 628 ш.м. басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін бөлінген, олардың ішінде: медициналық қызмет көрсету, ауыз сумен қамтамасыз ету, кір жуу қызметтері, стоматологиялық қызметтер, ақша беру (оқу корпустарындағы банкоматтар). Есепті кезеңдегі жалдау ақысы 13 488 мың теңгені құрады, яғни 2022 жылға қарай 2 206 мың теңгеге өсті.

2021-2023 жж. жылжымайтын мүлік объектілерін жалға (жалдауға) беруден түскен табыстан коммуналдық қызметтерді өтеу



Жалға алушылар жалдау ақысынан басқа коммуналдық қызметтерді төлейді. 2021–2023 жылдар аралығындағы кезеңде коммуналдық қызметтер 49 588 мың теңге мөлшерінде, оның ішінде 2023 жылы — 22 811 мың теңге көлемінде өтелді.

2021–2023 жылдар кезеңінде бос алаңдарды жалға алу мен коммуналдық қызметтерді өтеудің жалпы сомасы 166 881 мың теңгені, оның ішінде 2023 жылы 82 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 20 %-ға немесе 13 458 мың теңгеге артық.

Алаңдарды жалға (жалдауға) беру туралы шешімдер комиссиялық негізде қабылданады. Бұл ретте, ең алдымен, студенттер мен қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін әлеуетті жалға алушының қызмет түрі ескеріледі.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда.

9 ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ құрылымында 10 оқу корпусы, 7 студенттер үйі, қала сыртындағы практика базалары, баспа, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы объектілер (Студенттер сарайы, спорт ғимараттары, спорттық-сауықтыру кешені, денсаулық пункті, емхана, асханалар мен буфеттер) бар.

Университет жыл сайын материалдық-техникалық базаны заманауи жабдықтармен, компьютерлік техникамен, жиһазбен және басқа да негізгі құралдармен жаңартып, толықтыруда, сондай-ақ оқу корпустарын, Студенттер үйлерін жөндеп, аумақты абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді.

ӘШҚ жұмысшылары: КҚЖЖБ, АЖС, балташылар, сантехниктер мен электриктер бригадаларының көмегімен басқа мердігерлік ұйымдардың мамандарын тартпай-ақ, кешенді жөндеу және монтаждау жұмыстарын жүргізе аламыз. Бұл өз кезегінде ақша мен уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

ӘШҚ қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдар жөндеу жұмыстарының жо-спары бойынша және әртүрлі бөлімшелер мен бөлімдердің ұсыныстарына сәйкес есепті кезеңде мынадай жұмыс түрлерін орындады:

№ 1 оқу корпусын ағымдағы жөндеу жұмыстары: № 204, № 230 кабинеттер, баспа, ҚТК, асхананың қасбеті

Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін



№ 1 оқу корпусында № 204; № 230 кабинеттерінде, баспаға арналған қоймада ағымдағы жөндеу жүргізілді; ректоратта керамограниттен еден төселді, аса жеңіл, берік және отқа төзімді алюминийден инновациялық төбе орнатылып, қабырғалары сырланды; ҚТК кабинетінде, асхананың қасбетіне, сондай-ақ оқу аудиторияларына ішінара ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ректорат

Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін




№ 2 оқу корпусында қосымша білім беру факультетінің № 109, № 206 дәрісханаларында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді; № 503 кабинетте, Молекулярлық нанофотоника институтының кабинеттері мен дәлізінде; сонымен қатар оқу кабинеттерінде ішінара ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Негізгі жолдан № 2 оқу корпусы мен Ғылыми-технологиялық паркке дейін асфальт-бетон жабыны төселді.

№ 2 оқу корпусын ығымдағы жөндеу:

*Молекулярлық нанофотоника институтының кабинеттері мен дәлізі;
қосымша білім беру факультетінің № 109, № 206 дәрісханалары; № 503 кабинет*


Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін





*Негізгі жолдан № 2 оқу корпусы мен Ғылыми технопаркке дейін
асфальт-бетон жабыны төселді*




№ 3 оқу корпусында кіреберіс қасбетін, дәліз қабырғаларын, асхананы сырлау бойынша ағымдағы жөндеу, сондай-ақ аудиторияларда ішінара ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

*№ 3 оқу корпусын ағымдағы жөндеу:
кіреберісті, дәліз қабырғаларын сырлау; асхана*



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ жылыжайының құрылысы аяқталып, аумағы абаттандырылды.


Жылыжай және аумақты абаттандыру



№ 4 оқу корпусында кіреберіс қасбеті сырланып, икемді шатыры жөнделді; әскери кафедраның қосымша құрылысының шатырының қатты жабыны ауыстырылып, оқу аудиторияларын ішінара ағымдағы жөндеу жүргізілді.

№ 4 оқу корпусын ағымдағы жөндеу: кіреберіс қасбеті; кіреберіс пен әскері кафедраның шатыры

Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін



№ 6 оқу корпусында қоймалар химия факультетінің зертханалық үй-жайына қайта жабдықталып, пішінделген табақтан шатыр орнатылды.

№ 6 оқу корпусын ағымдағы жөндеу: қойма үй-жайларын химия факультетінің зертханаларына қайта жабдықтау

Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін



Пішінделген табақтан шатыр орнату



№ 7 оқу корпусында дәліздің сол қанатында керамограниттен еден төселіп, «Армстронг» типті аспалы төбе орнатылды, асханада, дәрісханаларда ішінара ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№ 7 оқу корпусын ағымдағы жөңдеу: дәліздің сол қанаты; асхана

Жөндеу алдында




Жөндеуден кейін






№ 8 оқу корпусында дәліздің сол қанатына; Радио кабинетіне ағымдағы жөндеу жүргізілді; ХМТ (халықтың мобильділігі төмен топтары) үшін санитарлық торап қайта жабдықталды; 3 қабаттағы санитарлық тораптарда еден және қабырға плиткалары ауыстырылды, дәрісханаларда ішінара ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

№ 8 оқу корпусын ағымдағы жөңдеу: дәліздің сол қанаты; радио кабинеті; ХМТ үшін санитариялық торап; 3-қабаттағы санитариялық тораптарды жөңдеу

Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін




№ 9 оқу корпусында № 201 кафедраны, медициналық пунктті, қасбетті ағымдағы жөндеу жасалып, оқу аудиторияларында ішінара жөндеу жұмыстары жүргізілді.

**№ 9 оқу корпусын ағымдағы жөндеу: № 201 кафедра;
медициналық пункт; қасбет**

Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін




№ 11 оқу корпусында № 113 дәрісханада ағымдағы жөндеу жасалып, кітапхана қайта жаңартылды, сондай-ақ оқу аудиторияларында ішінара ағымдағы жөндеу жүргізілді.

№ 11 оқу корпусын ағымдағы жөндеу: кітапхана; № 113 дәрісхана

Жөндеу алдында




Жөндеуден кейін



№ 12 оқу корпусының дәрісханалары мен қасбетін ағымдағы жөндеу жүргізілді.

**№ 12 оқу корпусын ағымдағы жөндеу: манеже, асхана,
оқытушылар кабинеті мен дәліз қабырғаларын сырлау; қасбет**



Барлық студенттер үйінде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізіліп, тұрмыстық және тұрғын үй-жайлар жөнделді.


**№ 1 Студенттер үйін ағымдағы жөндеу: душ бөлмелерінің төбесіне
пластик панельдерді орнату**




№ 2 «Студенттер үйіндегі» Б блогының 2-9-қабаттарында тұрғын, тұрмыстық, үй-жайларында кептіруде, душ бөлмелері мен санитарлық тораптарда линолеум мен керамогранитті еден жабындары мен есік блоктары ауыстырылды.

**№ 2 Студенттер үйі: қосымша білім беру факультетінің дәрісханалары,
еден жабыны мен есік блоктарын ауыстыра отырып,
В блогының 2–9 қабаттарын жөндеу**


Жөндеу алдында



Жөндеуден кейін




**№ 3 Студенттер үйін ағымдағы жөндеу: баспалдақ аралықтарын
есік беткейлерін, дәліз қабырғаларын, қасбетті сырлау**




Coworking Police Center мен криминалистикалық полигонды қайта жабдықтау арқылы № 4 Студенттер үйінің үй-жайларын ағымдағы жөндеу

Жөндеу алдында




Жөндеуден кейін



Криминалистикалық полигон



**№ 5 Студенттер үйінің үй-жайларын ағымдағы жөндеу:
демалыс бөлмесін, холды, акт залы мен кітапханы сырлау, душ бөлмелеріне
пластик төбе панельдерін орнату**



**№ 6 Студенттер үйінің үй-жайларын ағымдағы жөндеу:
кітапхананы, акт залын, тұрмыстық және тұрғын бөлмелерді сырлау, душ
бөлмелеріне пластик төбе панельдерін орнату**



Барлық оқу корпустары мен студенттер үйлері жаңа оқу жылына уақтылы дайындалды.

№ 7, 8, 9 оқу корпустарын, университет асханасын орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосу жұмыстары аяқталды, бұл университет бюджетіне түсетін жүктемені айтарлықтай азайтып, осы корпустардағы жағдайды әлдеқайда жайлы етеді. 2024 жылғы шешімдер жобасы 100% сәтті аяқталды.

№№ 1, 2, 3, 4 Студенттер үйлері мен № № 1, 2, 3 оқу корпустарын қалалық орталық жылыту жүйесіне қосу үшін қажет техникалық шарттар алынды.

***№№ 7, 8, 9 оқу корпустарын, «Университет» асханасын
қалалық орталықтан дырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосу***



Университеттің Ғылыми технопаркi ғимаратының құрылысы аяқталды. Бұл объектінің салынуы, ең алдымен, жаратылыстану-техникалық мамандықтардағы адамдар санының жыл сайын ұлғаюына, яғни бұл шамамен 4 мың адам, санитарлық нормалар мен халықаралық талаптарды ескере отырып құрылған заманауи оқу-зерттеу зертханаларға деген қажеттілікке байланысты болып отыр. Осы Технопарк базасында студенттер заманауи аспаптар мен жабдықтарды пайдалана отырып, практикалық білім алады, зерттеу практикасынан өтеді және бітіру жұмыстарын орындайды.

Ғылыми технопарк



10 ӘСКЕРИ КАФЕДРАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы әскери кафедра Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 33 «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ әскери кафедрасының ашылуы туралы» бұйрығына сәйкес құрылды.



Әскери кафедраның негізгі мақсаттары мен міндеттері — Қазақстан Республикасының жұмылдыру резервін жабдықтау мақсатында запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлау;

- РХБҚ әскерлерінің, тәрбие құрылымдарының запастағы офицерлерін, әскери заңгерлер мен запастағы сержанттарды бейбіт және соғыс уақытындағы функционалдық мақсаты бойынша сапалы даярлау, сондай-ақ оқытушылар құрамының идеялық-теориялық деңгейі мен кәсіби біліктілігін арттыру;
- заман талабына сай запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлаудың заманауи білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында студенттермен бірлескен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;
- студенттерді әскери-патриоттық жұмысқа тарту.



Әскери-есептік мамандықтар

Әскери кафедрада 8 әскери-есептік мамандық бойынша дайындық жүргізіледі, оның 7-і Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша:

- Қарулы Күштердің әскери іс-қимылдарын радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды, экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру;

- радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану;

- отшашар және түтіндеткіш бөлімшелер мен бөлімдерді қолдану;

- радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарының, экологиялық бақылаудың техникалық құралдарының қару-жарағын пайдалану және жөндеу;

- заңдық кеңес беру жұмысы;

- құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру;

- психологиялық жұмысты ұйымдастыру.

Запастағы сержант бағдарламасы бойынша 1 әскери-есептік мамандық:

- атқыштар бөлімінің командирі.



Оқу-материалдық базасы

Әскери кафедра жалпы ауданы 387,1 м² төрт қабатты жеке ғимаратта орналасқан, онда 7 тақырыптық сынып жабдықталған. Барлығы 125 орын, соның ішінде: 110-дәрісханада — 20 орын, 1-дәрісханада — 15 орын, 2-дәрісханада — 10 орын, 3-дәрісханада — интерактивті тақтасы бар 30 орын, 12-дәрісханада — 20 орын, оқу бөлімі, оқытушыларға арналған кабинеттер, кафедра бастығының кабинеті. Сонымен қатар, 320 орындық ақпараттық-техникалық құралдармен жабдықталған қосымша оқу аудиториялары бар. 250 орындық акт залы, спорт залы мен асхана, 70 кітапхана, 40 орындық электрондық ресурстар залы бар. 11-оқу корпусында 4 бірлік техникаға арналған бокстар бар, қазіргі уақытта онда радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауға арналған арнайы техниканың 2 бірлігі (АРС-14 және УАЗ-469рх) орналастырылған. Әскери кафедраның аумағында жалпы ауданы 252 м² саптық алаңы бар. Университеттің 4-ші оқу корпусының жертөле қабатында 15 орындық 18-ші дәрісхана (белгілі жер макеті), 15 орындық 25-дәрісхана (лазерлік тир) бар, қоймаларда тиісті тақырыптар бойынша практикалық сабақтарды өткізуге арналған радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс құралдары бар, онда студенттер әскерлерді радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау мәселелері бойынша практикалық дағдыларды меңгере алады.

Жоғары сапалы сабақ өткізу үшін әскери кафедра қажетті радиациялық, химиялық және биологиялық (бактериологиялық) қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген, әрбір студентке арналған жеке қорғаныс құралдары бар. Барлық аудиториялар тиісті стендтермен және плакаттармен, мультимедиялық проекторлармен және бір интерактивті тақтамен жабдықталған.

Әскери кафедра құрылғаннан бері университет басшылығы оқуға арналған атыс қарулары мен гранаталарды сатып алды. Олар: АК-74 автоматтары — 5 бірлік, ПМ пистолеттері — 2, пневматикалық винтовкалар — 5, РПК-74 қол пулеметі — 1, СВД мергендік винтовкасы — 1, РПГ-7В танкіге қарсы қол гранатаатқышы — 1, РПО отшашары — 5, АК-74 лазерлік автоматы — 2, ПМ лазерлік пистолеті — 2, РПГ-7В лазерлік танкіге қарсы қол гранатаатқышы — 1, АК-74 автоматына арналған оқу патрондары — 120 дана, Ф-1 жарықшақты қол гранаталары — 1, РГД-5 — 1, РГН — 1.





Білім алушылар контингенті

Әскери кафедра төрт жыл ішінде оқуға 392 студент қабылдады:

2021 жыл — **65** студент;

2022 жыл — **100** студент;

2023 жыл — **95** студент, оның ішінде 80 адам запастағы офицер, 15 адам запастағы сержант бағдарламасы бойынша қабылданды.

2024 жыл — **132** студент, оның ішінде 103 адам запастағы офицер, 29 адам Запастағы сержант бағдарламасы бойынша қабылданды.

Әскери-патриоттық жұмыс

Әскери кафедрадағы әскери тәрбие патриоттық, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық және дене тәрбиесімен тұтастай жүзеге асырылады.

Осы мақсатта жыл сайын 15 ақпанда Ауған соғысы ардагерлері шақырылып, Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне арналған іс-шаралар өткізіледі, қонақтар әскери қызметтегі жеке тәжірибесінен мысал келтіре отырып, студенттермен мемлекетіміздің егемендігін қорғау жолындағы әскери борышты өтеу туралы әңгімелеседі.

Сондай-ақ жыл сайын 26 сәуірде Чернобыль атом электр станциясын жоюға қатысқан азаматтардың қатысуымен іс-шаралар өткізіледі.

Әскери ұжымды біріктіру және қазақстандық патриотизм рухын көтеру мақсатында оқу взводтары арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелеріне арналған әскери-қолданбалы спорт түрлерінен жарыстар өткізілуде.



Оқу-жаттығу жиындары және әскери ант қабылдау

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу-жаттығу жиыны мен әскери ант қабылдау рәсімі әскери кафедрада оқудың соңғы кезеңі.

2023 жылы 64 студент оқу-жаттығу жиындарына тартылып, әскери ант қабылдаса, 2024 жылы олардың саны 110-ға жетті.

Оқу-жаттығу жиындары студенттердің әскери дайындық курсын оқу кезінде алған командалық-әдістемелік дағдыларын жетілдіру, сондай-ақ соғыс уақытында функционалдық мақсатына сәйкес қызметтік міндеттерін орындаудағы практикалық дағдыларын бекіту мақсатында өткізілді.

«Спасск» полигонында студенттермен өткізілген сабақтарда АК-74 автоматы мен ПМ тапаншасынан практикалық ату ұйымдастырылды.

31775 әскери бөлімінің жеке құрамының қатысуымен студенттерге бөлімнің әскери қызметінің негізгі бағыттары тәжірибе жүзінде көрсетілді, атап айтқанда, мұнда жауынгерлік қамтамасыз ету іс-шаралары мен осы бөлімнің әскери қызметшілерінің атқаратын міндеттерін көруге мүмкіндік туды. Казармаға барып, жауынгерлердің тұрмысымен, медициналық қамтамасыз етілуі мен бөлімнің медициналық пунктіннің жағдайымен танысуға мүмкіндік берілді, қару-жарақтың, әскери техниканың, атыс қаруы мен әскери жабдықтың негізгі үлгілері көрсетілді.

Осы әскери бөлімнің қызметкерлерінің кәсіби дайындығына куә болдық. Сондай-ақ, студенттерге сарбаздардың тұрғылықты жері, оқу кабинеттері мен спорт қалашығы көрсетіліп, бөлім аумағына экскурсия ұйымдастырылды.

Осы әскери бөлімге бару әскери кафедра студенттері үшін әскери қызмет дағдыларын меңгеру мен дүниетанымын байыту үшін өте маңызды және пайдалы болды. Экскурсия барысында студенттер мемлекетіміздің Қарулы Күштері қатарында мақтанышпен қызмет ететін әскери қызметкерлердің күнделікті жұмысымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды.

Осы іс-шара аясында студенттер армия өмірінің талаптарымен танысып, әскери бөлімнің қызметшілерімен әңгімелесуге және әскерде қызмет ету туралы көптеген қызықты нәрселерді білуге мүмкіндік алды.

Жалпы оқу бағдарламасы толық орындалып, сабақтар сапалы, жоғары әдістемелік деңгейде өтті, бұл емтиханда алған бағалармен дәлелденді.





Басқарма төрағасы – Ректор
ҚР ҰҒА академигі,
з.ғ.д., профессор

Н.О. Дулатбеков

